

Қайролла Мұқанов

ШАБАН
ӘУЛЕТІ



Издательство
«Северный Казахстан»



Қайролла МҰҚАНОВ

ШАБАН ӘУЛЕТІ

Петропавл қ.
2019 ж.

УДК 929.5
ББК 63.2
М 83

Ақылдастар алқасы:
Мұқанова Күлзағи Ақанқызы
Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

М 83 Мұқанов Қайролла. Шабан әулеті. - Петропавл,
«Северный Казахстан» баспасы, 2019. 176 б.

ISBN 978-601-7958-13-8

Бұл кітапта қазақтың шежіресінің маңызы мен пайдасы туралы айтылады. Сонымен қатар автордың ататегі – Орта жүздің ішіндегі Ашамайлы Керей тайпасына жататын Шабан әулеті және Атамекен-туған жері, Сайағаш бауырындағы Ынтымақ ауылы туралы сирек кездесетін мәлімет беріледі. Кітапта келтірілген шежірелік деректерде аталардың мінезі, пейілі өрнектей ашылады. Қазақтың ауызша тарихының құнды һәм қасиетті жүгі әлі талай зерттеулерге, шығармаларға астар боларына дау жоқ. Кітап негізінен қазіргі және болашақ жастарға, Ұлы Даланың тарихы мен мәдениетін зерттеушілерге арналған.

561265

УДК 929.5
ББК 63.2

ISBN 978-601-7958-13-8

© Мұқанов К., 2019
© Издательство «Северный Казахстан», 2019

Кіріспе

Әр адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенің, ұлттың болашағы оның өзіне де байланысты болатынын еске сақтауға тиіс. Сол арқылы жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете аларымыз ақиқат.

Адам өмірге келген соң өзін ғана ойлап қоймайды. Өзінен тараған әрбір ұрпақ қамы дегеннің болатының, оның түн ұйқысын төрт бөлгізіп, қабырғасын қайыстырып күн кешіретінін біледі. Өз ұрпағының қандай жолға түсетіні, қандай болып өсетіні, отбасының, өз басының қадіріне, қасиетіне, көңіл ниетіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты екенін де аңғартады. Осыған орай, ұрпақ тәлімінде ұпайымызды жіберіп алып жүрген жоқпыз ба дейтін сауал туады.

Алаштың ұлы ағартушы ұстазы Ахмет Байтұрсынов:

«Балам дейтін жұрт болмаса,

Жұртым дейтін бала қайдан болсын» - деген екен. Ғұламаның бұл сөзі әрбір ата-ананы ойлантуы тиіс. Дәулет те жақсы, бірақ әулеттің бақыты бәрінен де қымбат емес пе!

Сондықтан әрбір азамат ұрпағының қамын ойлауға, оның болашағына дұрыс жол көрсетуге міндетті. Осы жайлар маған да ой салуда. Жасым сексеннен асып барады, тоқсанның да шеті көріне бастады. Бастан қилы-қилы оқиғалар кешіріп,

өмірдің небір асуларын артта қалдырыппыз. Енді бүгін жаңа еліміз тәуелсіздік алған заманда өмір сүрсек, оның оңайлықпен келмегенін аға ұрпақ өкілдері – біздер жақсы білеміз. Өйткені біз «өмір» атты бұралаңқы ұзақ жолда қиындықты аз көргеміз жоқ. Бірақ сол қиындықтарды жеңіп шығып, асу бермес биік жол екеніне көзіміз әбден жетіп отыр. Қазір сол өткен жолымызға барлай қарасақ, талай-талай оқиғалар көз алдымызға қайта келеді. Ендігі біздің тілегіміз: біз қиналып өткен белестерден бүгінгі ұрпақ мүдірмей өтіп, қоғамға да, өзіне де көп пайда келтіретіндей бағыт ұстаса, мағыналы да бақытты өмір сүрсе екен дейміз.

Осындай шынайы ниет пен тілектерге байланысты ұрпақтарыма арнап осы кітапты жазып отырмын.

Кітап екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім «Шежіре. Ататек» деп аталады.

Шежіреден бастауым тегін емес. Шежіре білу деген өткен, өшіп бара жатқан ата-бабаларымыздың аруағын тірілту, жаңғырту, есімдерін еске алып, еске сақтау, ерлік, елдік өнегелі істерін кейінгі ұрпаққа ғибрат ету, өткен тарихымызды тану деген сөз. Бұл жерде кейбір шежіре таратушылардай ата-бабасының кімнен туғанынан бастап, өз әкесіне дейін құрғақ тізбелеп шығуды ғана мұрат тұтпай, олардың қадір-қасиеттерін, сол өздері өмір сүрген дәуірдегі салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршіліктерінен, әлеуметтік тарихи жағдайларынан, бастан кешкен оқиғаларынан да мағлұмат бере кетуді жөн көрдім.

Бұл бөлімде шежіреде бірталай ата-бабалардың есімдері келтіріледі. Дегенмен бөлмінің ең негізгісі осы кітапқа аты берілген Шабан әулеті.

Мұнда Шабан атамыздың, Бозай, Найман, Қойман атты балаларынан тараған ұрпақ келтірілді және олардан шыққандардың үлкендерінен бастап қазіргі жас сәбилерге дейін аттары аталды. Бұл осы шежірені, осы әулетті түбінде қазіргі жас бөбектерде өсе келе оқып білетін болар деген сөз. Лайым солай болғай.

Екінші бөлім «Атамекен. Туған жер» деп аталды.

Атамекен, туған жер, өскен ауылы туралы талай ақын-жазушылар, ғұлама ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері аз жазған жоқ. Мен де өз атамекенімді, туған жерім мен ауылымды есіме алып, әрі қазіргі және болашақ ұрпақтарым білсін деп жазып отырмын. Туған елінің жастары қандай болуы тиіс екені туралы бір ақын былай деп жазған екен:

*Жырың жырла жырласаң
Мұның мұнда мұндасаң
Масылы болмай жұртыңның
Нашарларды қолдасаң
Азаматтың борышты
Адал жүріп ақтасаң
Халықтың сүйген ұлы боп
Шегініп кейін тұрмасаң
Ойлан жақсы азамат
Елдің ұлы қандайды!?*

Шынында да ол кездегі ағайынның бір-біріне қайырымдылығы мен бауырмалдығы қазіргі кездегілерге қарағанда әлде қайда жоғары болса керек. Өзгенің қиыншылығына жәрдемдесу, қайғысына ортақтасу екінің бірінде емес. Жалпы елдегі адамдардың барлығына бірдей ортақ қасиеттер болған. Міне, осындай жақсы қасиеттер қазіргі және келешек ұрпақтарда да болса екен деп тілеймін.

Былыр ғана өмірден өткен абзал ақын ағамыз Ожан Қали:

*Төркінің ойлы сөздің болсаң бағар
Бойыңа жан біткендей жылу тарар.
Жанды сөз аспаныңда шайдай ашып,
Өшпестей көкірекке шырақ жағар, -*
деп жазған еді.

Жастар осындай ойлы сөздерден ғибрат алғаны жөн болар еді.

I – бөлім

Шежіре. Ататек

«Өзіңнің шыққан тегіңді біл,
Бұл туыстарды жақындата түседі»

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.).

*Жеті атасын білген ұл
Жеті жұрттың қамын жер.
Өзін ғана білген ұл
Құлағы мен жағын жер.*

Халық мәтелі.

«Өз ата-баларыңның мәртебесін, атақ-даңқын мадақ ету парыз, ал еске алмау, мадақтамау – жанға бататын әлсіздік. Өткендерден мұра болып қалған есім үшін, немере – шөберелердің құрметіне бөлену адамзаттың асыл арманы емей немене?»

А.С.Пушкин.

«Шын кіріссек, үздіксіз ізденсек көмескіні ашуға, барды табуға болатыны анық».

Міржақып Дулатов.

*«Бұл сөзді біреу алмас, буреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес.
Кейіне жарамаса, кейіне жарар».*

Ахмет Байтұрсынов.

«Түбін білмеген, түгін білмейді».

Манаш Қозыбаев.

Қазақ арасында «шежіре» сөзінің көп тараған мағынасы адамның арғы ата-бабаларынан бері тарау жөніндегі мәлімет. Бұл ерте кезде көбіне жазу арқылы емес, еске сақтаумен жүзеге асып келген. Атақты жерлесіміз академик жазушы Сәбит Мұқанов «Қазақ қауымы» атты кітабында «Шежіре» деп кімдерден туып, қалай өрбігенін баяндайтын ерте заманнан атадан балаға мирас болып жатқан ауызша деректерді айтады», - дейді.

Әр халықтың өз тегін, қайдан шыққанын білуге деген құштарлығы, өзінің түп-тамырын тереңнен тартқысы келетіні әріден келе жатқан құбылыс.

Ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде: «Қазақтардың әрбір ру басылары өз ру-тайпасының шежіресін, шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып заңдарын, ескі жарлықтарын, халықтың басынан өткен жағдайларды көп жасаған ақсақалдардан ықласпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шыңдауда көптеген аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайды. Сондай дайындығы бар билердің аузынан шыққан сөздерді халық ұйып тыңдайды. Ол нақыл сөздердің мәні өмірдің бар саласын қамтитындай өсиет-өнеге, тәлім-тәрбиелік, патриоттық мазмұнда болып келеді», - деп көрсетті.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева «Уақыт шуағы» атты кітабында: «Қазақтардың адам шыққан тегін, жеті атасын білу қажет деп санайтын талабы да ғажап. Бұл талапта терең тарих, талғамды тұжырым, тәжірибе тағылым жатыр. Дәл осы тегін білуі

қажеттілігің бір ғана сыры-қасиетті қара шаңырақты, ата-бабаны, әке-шешені, ұрпақ ұшқан ұяны, отбасы берекесі дәстүрлерін қадірлеу, құрметтей білу» - деп жазды.

Шежірені білудің екінші жағы: халқымыз жеті атасына дейін қыз алыспаған, қан араластырмаған. Бұл басқа халықтарда жоқ дәстүр. Қазақ халқы некеге тұруды жеті атадан әрі асқаннан кейін ғана дұрыс деп санаған. Бұл бір жағынан тұқым асылдандыру сияқты. Аталарымыз осыны ертеден-ақ білген және осы заңды қатты ұстаған. Сондықтан да қазақ баласына жеті атасын жаттатып отырған.

Ғұлама тарихшы, академик Манаш Қозыбаев шежіре туралы былай дейді:

«Соңғы кезде шежіре проблемасы алға шықты. Мұны түсінуге де болады. Әр адамның атасын, өз атасын, баласын, тектігін, төркінін, тұқиянын – ата-бабаларын білуге ұмтылысы біздің ата дәстүріміз. Немесе немере ағайындарын – бала, немере, шөбере, шөпшек, өберелерін, немесе жамағайын туажат, жүрежат, жекжат, жұрағат, жамағатын, қалыс ағайындарын – өркен, әулет, зәузат, жаран, қалыс сияқты ататектерін өрбітуге ықылас қоюы – ұлт санасының оянуы болса керек.

Шежіренің бұл күні келешек ұрпағымызға да қажеттілігі мол. Қазақ халқындағы туыстық, жұрағаттық, құдандалықтың атаулары өзге халықтарда кездеспейді. Мысалы, біздегі бірге туғандарды көрсететін аға, іні, апа, сіңлі, қарындас деген сөздерді орыс ағайындар екі-ақ сөзбен, «брат, сестра» дей салады да соған үлкен, кіші сөздерін тіркейді. Бізде әке, ата, ұлы ата, баба болып жоғарылап төменге

қарай бала, немере, шөбере, немене, шөпшек болып ұзарса, орыста бұлай ерекшеленбей «пра-» қосымшасы арқылы бір сөзбен қайталана береді.

Аталарды анық білу және жеткіншекті туыстыққа, бауырмалдыққа баулитын тәрбиенің бір түрі. Жас ұрпақ сол аталарды анық біліп, оған кіретін ағайындарын жақын тарту арқылы әрі қарай ұлғая барып, соны қорғауға, соны қайткенде де бір қажеттілігімен перзенттік парызын өтеуге бой ұрады. Бұл, әрине, аса қажетті адамдық қасиет.

Өз ұрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Мұның қандастық жағынан алғанда үлгі боларлық зор қызметі мен маңызын халқымыз ерте түсінген осы ғұрыптан аутқымай, оны берік ұстанған. Енді осы қағидаға тереңірек көз жіберейік:

Біріншіден, жеті ата тәртібі туысқандық, ағайындық бірлікті, ынтымақты ұстана отырып, бір ауыл, бір бауыр болып өмір сүрген. Бір рудың адамдары бір жерді мекендеген.

Екіншіден, жеті атаға дейінгі туыс-туғандардың тұрмыс-тіршілігі де, тұрған жер, суы да, өріс, қоңыс, жайлауы да қысы-жазы қатар, немесе бірге болған. Қиыншылықта бір-біріне демеуші, қамқоршы, қуанышты да, реніш-қайғыны да бірге көтеріп бөліскен. «Туысы бірдің уысы бір» деген сөз осылай шыққан.

Үшіншіден, бір атадан тараған туыстар мен жас ұрпақтар бірін-бірі жақсы таниды. Ағалы-інілі, апалы-сіңлілі дегендей сыйластықта, бауырмалдылықта бірге өседі. Мұндай туыс-туғандарға жанжал, ұрлық-қарлық, барымта, зорлық-зомбылық сияқты жат істер болмайды. Өйткені тәртіп бойынша

туыстар бір-бірінің малын ұрламайды. Керісінше, сырттай қамқоршы болып жақын-жуықтарының мал-жанына көз салып жүреді. Әкелер мен аналар бір кіндіктен шыққан перзенттерін ел, ру намысын қорғайтын ержүрек, қайырымды, ұйымшыл бауырмал етіп тәрбиелейді. Яғни жеті ата ұғымы мен жолының ағайын үзілмес бірлік, бұзылмас тектілік тәрбие тәлімі өте зор болған.

Жеті ата шежіресіне кім жатады? Бұрыңғылар жеті атаңды біл деп үйретті. Біздер мұны әкемізден жоғары ата-бабаларымыз деп танып, жаттап өстік. Жеті ата шежіресі өзімізге дейінгі ата-бабаларымыздан бастап таратылады. Бірінші – өзің, екінші – әке, үшінші – ата, төртінші – арғы ата, бесінші – баба, алтыншы – түп ата, жетінші – тек ата.

«Ата тек» деген сөз жетінші түп атадан шығып тұр. Бұрыңғылар жөн сұрасқанда, «Ата-тегің кім?» - деп сұрайтыны осыдан шыққан. Мысалы, менің жеті атам былай айтылады:

Бірінші – мен өзім (Қайролла), екінші – әкем (Мұқан), үшінші – атам (Мұқанның әкесі) Сыздық, төртінші – арғы атам (Сыздықтың әкесі) Найман, бесінші – бабам (Найманның әкесі) Шабан, алтыншы – түп атам (Шабанның әкесі) Ақбота, жетінші – тек атам (Ақботаның әкесі) Кенжетай. Міне, осы **Кенжетай Құдайқұлұлы** шежіре бойынша менің жетінші атам болып шығады.

Ата – бабаларымыз жеті атаға дейін қан араластырмауды, туыстық қалыпты бұзбауды қатты ұстанған.

Тек сегізінші атадан бастап жаңа ру аты белгіленген. Осылай жеті атаға толғаннан кейін ғана қыз

алысып, қыз берісуге рұқсат берілген. Бұл дәстүр – текті, дені сау, таза ұрпақ өсуінің кепілі. Осындай текті ұрпақ өсіру тәрбиесін бұрынғылар ертеден-ақ білген және оны қатты қадағалап отырған. Ата-бабаларымыз тек жеті атаның аты атаумен шектелмеген, әр ата неше ағайынды, олардың әр қайсысынан кімдер тарайтынын айта білген. Бұл туыстық белгісінің ұмытылмауына, аталастар арасындағы сыйластық қатынастың берік қалыпташуына ықпал жасап отырған.

Қазір тәуелсіздігіміздің беріп отырған еркіндігін пайдаланып әркім өзінің түпкі тегін, қайдан шыққанын, ата-бабаларының кімдер болғанын жазып жеткізсе еш әбестігі жоқ. Түбінде ұрпағың бүгінгі өзіңнің кім болғанынды білгісі келер. Әйтеуір ата-баба шежіресін және олардың қазіргі кездегі жалғасын ұрпақтар білгенге не жетсін.

«Адам баласы өлшеулі өмір сүреді, кетеді, орнын кейінгілер басады. Ғұмырымыз бітісімен атымыз өшіп жатса, ең болмағанда жетінші атамыз пәленше екен деп бір ұрпағың есіміңді айта алмаса, кім үшін өмір сүресің. Бұрынғылар жазу-сызуы болмаса да зердесіне сақтап келген екен, ал бізде қағаз да, қалам да, құжат та бар ғой. Мен әрбір қазақ үйелменінің жазылған шежіресі өз үйінің қабырғасында ілулі тұрса артық емес дер едім», - деп жазады белгілі демограф ғалым Мақаш Тәтімов.

Тарихтан белгілі: жалпы қазақтар үш жүзден – Ұлы, Орта, Кіші жүзден тұрады.

Ұлы жүздің ұраны: «Қауға беріп малға қой»,
Орта жүздің ұраны: «Қалам беріп дауға қой»,
Кіші жүздің ұраны: «Найза беріп жауға қой».

«Ел ырысы малды Ұлы жүзге тапсырса, пейіліне сенгені, ел жыртысы дауды Орта жүзге тапсырса, біліктілігіне сенгені, ел шырқын бұзар жауды Кіші жүзге тапсырса, ерлігіне сенгені», - дейді әйгілі жазушы Әбіш Кекілбаев «Үркер» романында. Біз Орта жүзденбіз. Орта жүзге – Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ қарайды. Біз **Орта жүз ішінде Керей тайпасына** жатамыз. Керей тайпасының ұраны Ошыбай, таңбасы - ашамай.

Жалпы Керей тайпасы Ашамайлы Керей, Абақ Керей болып екіге бөлінеді. Біз **Ашамайлы Керейге** жатамыз.

Керей руының ата қоңысы жайлы әйгілі Қожаберген жырау «Ата тек» атты дастанында:

*Атанған бабам Ғали Ашамайлы
Өсірген мыңнан тайлақ, құлын, тайды.
Сібірге ұрпақтары қоныстанып
Ел болып ерте кезден қанат жайды», - дейді.*

Ғали (Ашамайлы) шежіре бойынша IX – ғасырда өмір сүрген адам.

Ашамайлы атанған Ғалидан Керей елінің басым көпшілігі тарайды. Ғалидан – Бағдат батыр. Бағдат батырдың 7-інші ұрпағы – Жанай батыр. Жанайдан – Бағлан би осы күнгі Солтүстік өңірдегі Керейлердің түп атасы болып есептеледі. Бағлан бидің бейіті Ресейдегі Қорған облысының Половинка (Ақсиыр) ауданына қарасты Звериноголовка (Бағлан) қалашығының маңында, Тобыл өзенінің жағасындағы Керей тоңайында жатыр. 1928-інші жылға дейін ол жерде атақты Бағлан жәрмеңкесі

болғаны тарихтан мәлім. Бағлан би өз заманында қазақтың айтулы көсемдерінің бірі болған кісі екен.

Бағлан бидің Бопай есімді әйелінен Архад, Фархад, Сарымұрат туады. Фархад батырдың Гүляндам деген әйелінен Танаш, Аббас, Манас туады. Танаш бидің інісі Манас майданда қаза болады да оның келіншегі Сәлиман жесір қалады. Танаштың бәйбішесі Айша ұрпақ көбейту мақсатымен қайнысының жас әйелі Сәлиманды өз ақсақалына қосады. Танаш бидің бәйбішесі Айшадан 15 бала болған, Сәлиманнан – Тарышы туады. Айша бәйбіше оның атын Тарышы қойып: «Бұл баланың ұрпағы тарыдай көп болып, өсіп-өне берсін» - деп ақ батасын беріпті. Айша бәйбішенің аузы уәлі болып, батасы қабыл болып, Тарышыдан көп ұрпақ тараған.

Шежірелерге, тарихи деректерге, Қожаберген жыраудың «Ата тек» дастанына сүйенсек, қазіргі Солтүстік Қазастан облысындағы Керейлердің көпшілігі Тарышыдан тарағандар.

Тарышыдан – Шимойын, одан – Естияр, Достияр, Есжияр. Достиярдан – Смайыл, Смағұл, Ысқақ. Смайылдан – 5 бала: Ақсары, Жансары, Күрсары, Матақай, Тезағай. Тезағайдан – 3 бала: Әйтеке, Тәйтеке, Бәйтеке (Самай). Әйтекеден – бір бала: Қанай, одан – 2 бала: Әлдеберлі, Шағалақ.

Тәйтекеден – бір бала: Мамай, одан бір бала: Қапсыт. Қанай мен Мамай ерте қайтып, олардың жесір қалған әйелдерін әмеңгерлік жолымен Бәйтеке алады да олардың балалары Әлдеберліні, Шағалақты, Қапсытты өз балаларымен бірге тәрбиелеп өсіреді.

Бәйтекенің өз бәйбишесінен 5 ұл туған екен. Олар: Жанбура, Толыбай, Жанкісі, Бақы, Шуай. Бәйтекенің самай шашы жасынан ақ болыпты да жұрт оны Самай деп атап кетіпті. Содан одан тараған рулы елді түгел **Самай Керей елі** деп атап кетіпті.

Сонымен Бәйтекенің (Самайдың) өз балалары: Жанбура, Толыбай, Бақы, Жанкісі Шуайларға келейік. Бәйтекенің үлкен ұлы Жанбурада 5 ұл болыпты: Құдайқұл, Жарылғап, Қожамқұл, Қожамберді, Құттымбет.

Қазіргі Тимирязев ауданындағы Ынтымақ ауылында негізінен Жанбура, Толыбай, Құттымбеттен тарағандар қоныстанған. Оның ішінде біз Жанбураның үлкен ұлы Құдайқұлдан тараймыз. Құдайқұлда 3 бала болыпты: Анай, Қана, Кенжетай.

Құдайқұлдың үшінші ұлы Кенжетайда – Ақбота, Байбота, Жанбота атты 3 ұл болыпты. Бұлардың үлкені Ақботадан – Байсерке, Шабан туған. Байсеркеден – Қызай, Бекен, Ораз. Қызайдан – Жұматай (ұрпақ жоқ). Бекеннен – Төлеш, Молдаш. Төлештен – Қайржан, Зағипа, Бәкіш. Ораздан – Шәңкілдек, одан – Бүйен, Бекқожа, Қайырбай, Нұрғожа, Сейдахмет. Бүйеннен – Қара, Жәкіш (қыз), Айқынбай. Жәкіштен – Қайрөш, Әйлу. Айқынбайдан (әйелі Зекен) – Талаш, Серік, Зайра, Майра, Алма. Нұрғожадан – Адақан. Сейдахметтен – Бағыт (қыз). Бағыт алдымен ауылдағы Кәсенов Шәріптің баласы Әкімжанға тұрмысқа шықты. Одан Асқар деген бала туды. Әкімжан қайтқаннан кейін Бағыт Шал ақын ауданындағы Жаңа жол ауылының жігіті Ғабдуллин Нұржанмен отбасын құрды. Одан Болат деген ұл және қыз көрді.

Айқынбайдың баласы Серіктен (әйелі Айтжан Мырзай қызы) – Дәурен, Серік деген ұлдар болды. Дәурен қазір Нұр-Сұлтанда ҰҚК-де қызметте. Отбасы, бала-шағасы бар. Серіктің әйелі Айтжан (Әсия) жуырда астанаға көшіп кетіпті. Екінші ұлы Тимур қазір Қызылжарда. Оның да Нұр-Сұлтанға көшетін ойы бар көрінеді.

Шабан әулеті

Ақбота баласы Шабаннан – үш ұл туған: Бозай, Найман, Қойман.

2004 жылы Алматыда шыққан «Арнаулар» атты өлеңдер жинағымда Шабан атамызбен оның аталған 3 баласы туралы былай деп жазған едім:

*Бір ұлы Ақботаның Шабан дейді:
Басқарған бір әулетті бабам дейді.
Атаудың «Шабан» деген мағынасын
Қазақтың баласынан кім білмейді.*

*Артында Шабан баба үш ұл қалған,
Аттары Бозай, Найман және Қойман.
Бозайы шебер бопты жұртқа әйгілі,
Атақты шешен бопты ұлы Найман.*

*Қойманы күш атасы болған мықты,
Талайды күрескенде алып жықты.
Қаншама мықты деген балуандар
Қойманның айбарынан қорқып ықты.*

*Шабанның екінші ұлы Найман ата
Кезінде үлкендерден алған бата.
Тамаша ел таныған шешен бопты
Талайды сөзбен жеңген ойсырата.
Ел сыйлап Найекең деп құрметтеген,
Құдайым Найекеңе бес ұл берген.
Үлкені Сапақ атты ел басқарған
Тіл тапқан қазақ түгіл орыстармен.*

ШАБАҢНЫҢ БІРІНШІ БАЛАСЫ - БОЗАЙ

Бозайдан – Жаңқабай мен Тиштықбай туған.

Жаңқабайдан Құсайын мен Әбу туған. **Құсайынды** біз Кәйә дейтінбіз, **Әбуді** – Әбә дейтінбіз. Құсайын ел ішінде беделді, сөзге шешен. Ешкімнен қаймықпайтын, не болса да тура айтатын кісі болған. Ол колхоз басқармасының мүшесі ретінде шаруашылықты дұрыс жүргізуге көп үлес қосты. Бірде колхоздың жалпы жиналысында аудан басшыларының жұмысын қатты сынапты. Содан ол колхоз ісіне қарсы адам деп жала жауып, НКВД оны тұтқынға алып, 1940 ж. 26 қыркүйекте соттап, 6 жылға еңбек лагеріне жібереді. Соғыс кезінде сол лагерьде, аштан өледі. Құсайынның Өзипә деген әйелінен туған ұлы **Айбас** бұл кезде 15 жаста ғана болатын. Кейін Айбас Жалтыр жетіжылдық мектебін тәмамдады және бухгалтерлік курсты бітіріп, әуелі колхозда, одан соң совхозда бухгалтер болып істеді.

Есперлі ауылының тумасы Әлқожа деген кісінің Сәйла деген қызына үйленді. Одан: **Төлеген, Медебай және Қарлығаш** туды. Төлеген Петропавл ауылшаруашылығын механикаландыру техникумын бітірді. Ерменов Қажығалидың Балапан деген қызына үйленді. Олардың балалары: Руслан және Людмила. Русланнан – Темірғали (Тимур) және «генерал» туған. Төлеген семьясымен Элеватор поселкесінде тұрады. Немерелері: Темірғали, «генерал», Петропавлда колледжде оқиды. Людмила сол Элеватор поселкесінде медфельдшер болып

істейді. Людмиланың Мәдина деген қызы дәрігер, Петропавлда тұрады.

Медебай әскерде қаза тапты. **Қарлығаш** Жаннат Байымбетов деген жігітке тұрмысқа шыққан. Бұлардың Самат деген ұлы, Әсемгүл, Самал, Динара, Жанна деген қыздары бар. Қазір бәрі жеке-жеке үй болып Сергеевка қаласында тұрады.

Тиштықбайдың бірінші әйелінен (есімі белгісіз) **Жәмила** деген қыз туған. Ол Социал ауылының мұғалім жігіті Исатаев Ғаббасқа тұрмысқа шыққан. Одан 3 ұл, 2 қыз туған. Тиштықбай мен, екінші әйелі Қанапияда бала болмаған. Олар Жәмиланың екінші ұлы **Сейілбекті** бауырына салып бала қылып өсірген. Сөйтіп Сейілбек Тиштықбаев болып Шабан әулетіне қосылған.

Тиштықбай атамыз (біз оны Бөке дейтінбіз) кермет ағаш шебері еді. Ол колхозға арба, шана, хомыт, доға, жарма, ертоқым, ашамай, доңғалақ, күрек, тырнауыш, т.б. қажетті заттар жасайтын.

Сейілбек әуелі Майра, ол өлгесін Айнаш деген Бағанаты ауылының қыздарына үйленді. Олардан туған балалары: Гультар, Әміржан, Әлия, Ақтамақ, Бауыржан, Ақбаян, Саян.

*Айбас ағамыз 1958 ж. күзде дүние салды.
Сейілбек ағамыз бертін қайтыс болды.*

Ресей өкіметінің ХІХ ғасырдың орта кезі мен соңындағы және ХХ ғасырдың басындағы құжаттарында қазақ ауылдары туралы мәліметтер кездеседі. Мысалы, Қазақстан республикасының Алматыдағы

Орталық Мемлекеттік мұрағатында (345-қор, I-інші тізім, 1869-іс) 1834 жылдың 4 октябрынан 1855 жылғы 14 мартқа дейінгі уақытты қамтитын 936 беттік үлкен папкада «О киргизах Аманкарагайского округа с показанием числа кибиток, душ мужского и женского пола, количества имеющегося скота по суммарному исчислению» деген құжат бар. Онда:

«Старший султан Чингис Валиев – юрт - 1, муж. - 1, жен. - 1, лошади – 300, КРС – 50, баранов – 150.

Заседатель от киргиз Табей Барлыбаев – юрт – 1, муж. - 2, жен. - 2, лошади – 100, КРС - 30, баранов – 100.

Волостной управитель Самай-керейской волости с родами Шағалақ – Тайпақ Сапулатов – юрт – 1, муж. - 2, жен. - 2, лошади – 75, КРС – 53, баранов - 37.

Аульный старшина Байсерке Кенжетаев – юрт – 60, муж. - 120, жен. - 70, лошади – 290, КРС – 135, баранов – 450», - делінген.

Жазушы Торғай Садуақасов «Ел мен жер» атты кітабында мынадай деректер келтірген: «Құсмұрын округінің ел-жұрты 1857 жыл. Еменалы Керей болысы, Жанбура бөлімшесі, Құдайқұл руы. Ауыл старшинасы Байсақал Жанботин – 16 жылқы, Байсерке Кенжетаев – 70 жылқы, Ораз Байсеркин – 7 жылқы, Байбота Кенжетаев – 14. Жансақал Байботин – 14. Барлығы 47 отбасында 687 жылқы бар деп көрсетілген.

Әрине, бұл мәлімет анық болмауы да мүмкін, салықты аз төлеу үшін мал басының санын мал иелері аз жаздыруы мүмкін ғой. Мұнда бізді қызықтырғаны аталарымыздың аталуы. Бұл Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Валиевтің (Валиха-

новтың) әуелі Аманқарағай, одан соң Құсмұрын округінде аға сұлтан болып тұрған кезі.

Омбының облыстық архивінде (қор – 64, тізбе-1, іс- 891) 1899 жылғы июндегі мәліметте Преснов болысының № 4 ауылында Шаймерден Есілбаев, Қыдырма Шортықбаев, Сапақ Найманов, Бөлекбай Бөпешов, № 5 ауылда Бегайдар Тастанов, Шойтемір Шөпен, № 6 ауылда Құртай Қартамбаев, Исқақ Бозданов, Ержан Итанов аталады.

В.Кузнецовтың «Киргизское хозяйство в Акмолинской области. Том 3. Петропавловский уезд. Повторное исследование 1908 года» деген 1910 жылы С.-Петербургте шыққан кітабында сол кездегі Преснов болысының кейбір отбасыларының адамдары мен үйлерінің саны көрсетіліпті. Солардың ішінде біздің бір атамыз Сапақ Найманов туралы былай деп жазылыпты:

Сапақ Найманов: тұрған жері Салықбайток, еркектері – 16, әйелдері – 18, барлығы – 34, киіз үйлері – 8, шым үйлері – 5, ағаш үйлері – 3, басқалары – 17. Лошади: взрослые – 52, двухлетки- 9, до одного года – 16, итого – 77. КРС- 73, овцы – 116, козы – 18. Итого голов – 284. Число хозяйств – 7, мужчин – 34, женщин – 23. Всего – 57.

Бұл мәліметтерден, біріншіден, Сапақ Наймановтың ауылдың басшысы екенін байқасақ, екіншіден, патша үкіметінің әр жыл сайын қазақ ауылдарын тексеріп малының, жанының санын алып, сол арқылы салық салып отырғанын көреміз.

Сонымен қатар Сапақ Найманов атамыздың сол кездегі қазақтың белгілі азаматтары Есілбай Шаймерденов, Қыдырма Шортықбаев, Бөлекбай Бөпе-

шов, Бегайдар Тастанов, Шойтемір Шөпен, Құртай Қартымбаев, Исқақ Бозданов, Ертай Итановтармен бір заманда өмір сүргенің білеміз. Осылардың ішінен мен Исқақ Бозданов ақсақалды тірісінде бала кезімде көрдім.

Сапақ атамызды мен көргем жоқ. Ол туралы басқа деректер де жоқ. Аталарымыздың шежіресін әрі қарай жалғастырсақ.

Найманның екінші баласы Сыздық (менің туған атам) момын жай ғана шаруа адамы болса керек. Ол туралы ешқандай мәлімет, дерек кездеспеді. Есесіне оның зайыбы (менің әжем) үй ішінің шаруасын да, ағайын-туыстармен қарым-қатынасты да жақсы жүргізсе керек. Балаларын да жақсы тәрбиелеп өсіріпті. Сыздық атамызды мен көргем жоқ, ертерек қайтыс болса керек. Бұл кісілерде бес ұл болыпты: Ахметжан, Мұхаметжан (Мұқан), Құрман, Омар, Хамза.

Ахметжан ерте қайтса керек. Одан ұрпақ жоқ.

Сыздықтың зайыбы, **менің әжем** атығай, Социал ауылының қызы екен. Мен бертінге дейін оның аты-жөнін де білмейтінмін. Тек 1944 жылы 4-қантарда ол қайтыс болғанда Жарылғап молла дәуір айналдырып отырып, оның есімін **Сарбит Жаншолаққызы** деп атағаны есімде қалыпты. Үлкендердің аутынша, әжем туғанда кіп-кішкентай ақсары сәби болған екен. Сонда әкесі: мынау менің кішкентай сары битім ғой депті. Содан бұл «Сарбит» атанып кетіпті. Ел ішінде беделді, жұртқа жағымды болған оны ауыл адамдары Сарбит демей, «Әйә», «Әйәң» деп атапты.

Міне, менің әжем осындай, бүкіл ауыл үлкені де, кішісі де, еркегі де, әйелі де атын атамай, «Әйе» деп сыйлайтын сүйкімді, кеңпейіл адам еді. Оның Социал ауылында Нұрғазиев Қалиасқар деген немере інісі болды. Ол кісі туралы мен ештеңе білмеймін. Оның баласы Нұрғазиев Айттан Қалиасқарұлымен мен Алматы қаласында таныстым. Ол әскери оқу бітіріп, әскер қатарында қызметте болып полковник дәрежесіне дейін өскен екен. Мен кездескен кезде отставкада екен. Әйелі Мәриәм және Аманкелді, Марат, Айрат атты үш баласы бар екен. Бұдан соң Айттан Қызылжардағы біздің үйге келіп жүрді. Қазір Айттан да, Мәриәм да, Аманкелді де қайтыс болған. Марат Алматыда, Айрат Нұр-Сұлтанда тұрады. Айттанның Маптұқа деген қарындасы баласы Ерболмен Қызылжарда тұрады.

Сыздықтың Ахметжаннан кейін екінші баласы Мұхаметжан (жасынан Мұқан атанып кеткен) 1900 жылы туған, жасында молладан оқып, араб әліпбиімен хат таныған, Құранды, басқа да араб әріпімен жазылған кітаптарды еркін оқи беретін, араб әрпімен жазуды да білетін. Колхоз кезінде сауатсыздар курсына оқып латын әліпбиін де меңгерген. Сыздықтың тірі қалған балаларының үлкені болғандықтан үй-ішінің ішкі-сыртқы шаруасын басқарған. Кейін колхозда белсенді жұмыс істеген: бригадир, полевод (басқарманың егін шаруашылығы бойынша орынбасары) болған. Ол шамасы 1925-1926 жылдары Жарқын ауылының тұрғыны Кірбас деген кісінің Мағрыш деген қызына үйленген. Одан туған алғашқы екі баласы да туа сала шетінеп кетіпті. Содан мен туғанда ырым

қылып Сүгір атамыздың Жүкен деген баласына менің кіндігімді балтамен кестіреді. Бұл туралы кейін Қабиев Зейнолла ағамыз айтқан еді.

Әкеміз Мұқан (Мен оны «ата» дейтінмін, кейін басқа балалар да оны «ата» деп кетті) пысық, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді жақсы білетін, аздап молдалығы да бар шаруақор адам еді. Мен 3 жастан аса бергенде шешем **Мағрыш** ауырып қайтыс болған екен. Мен оны аса білмеймін. Әжемнің бауырында болдым.

Кейін әкеміз Жалтыр ауылындағы Тілеужанов Шаймерденнің Рәзия атты қызын алады. 2-3 жылдан кейін ол да дүниеден өтеді. Одан бала болған жоқ.

Мен әжемнің бауырында өстім. Соғыс басталысымен әкемнің үш інісі – Құрман, Омар, Хамза әскерге алынып, майданға аттанды. Әкем трудармияға алынып Петропавл қаласында әскери зауытта жұмыс істеді. Ол кезде зауыттарда да әскери қатаң тәртіп болған. Сондықтан ол 1944 жылғы 4 қаңтарда шешесі қайтыс болғанда да, оны жерлеуге келе алмады.

Сөйтіп әкем Мұқан тек соғыс біткесін ғана зауыттағы жұмысынан босап елге оралды. 1946 жылдың соңында ауылдағы Елубаев Шағыман ақсақалдың қызы **Ғалияға** үйленді. Ол шешеміз мені туған баласындай күтті. 1948 жылғы 20 қазанда **Қабылқайыр** дүниеге келді. Бұған бәріміз де қуандық. Атам мал сойып той жасады.

Мен 1938 жылғы 1-қыркүйекте ауылдағы бастауыш мектептің 1-класына оқуға түсіп, 4 класты соғыс кезінде 1942 жылғы мамыр айында бітірдім.

Бұл кезде әкем Петропавлда трудармияда зауытта, ал інілері **Құрман, Омар, Хамза** майданда еді. Үйде кәрі әжем, Хамза ағамыздың зайыбы Сақып, Құрман ағамыздың зайыбы Кәпия мен балалары Шәріп, Қайыржан және мен қалғамыз.

Елде жетіжылдық мектеп жоқ. Сондықтан келесі жылы мен оқуға бара алмадым. 1943 жылғы ақпанда **Кәбәм (Хамза)** соғыстан бір иығынан жараланып елге оралды. Ол келгеннен кейін тұрмысымыз аздап жақсара бастады. Сол 1943 жылдың 1-қыркүйегінде Кәбәм мені ауылдан 7 шақырым жердегі орыс селосы Дмитриевкаға апарып, сондағы 7 жылдық мектепке оқуға берді.

Мен ол кезде орыс тілін білмейтін едім. Сондықтан мектеп директоры Глушков Григорий Иванович мені 2-ші класқа отырғызды. Мен мұндағы жетіжылдықты 1949 жылы тәмамдап, сол жылғы 1-қыркүйекте Октябрь ауданының орталығындағы Марьевка орта мектебінің 8-нші класына оқуға түстім. Бұл мектепті 1952 жылы күміс медальмен аяқтап сол жылы Алматыдағы С.М.Киров (қазір әл-Фараби) атындағы Қазақ Мемлекеттік (қазір Ұлттық) университетінің философия бөліміне оқуға түстім.

3-ші курста бұл бөлім жабылғасын тарих факультетіне ауыстым. Оны 1957 жылы жазда тәмамдап елге оралдым. Сол жылғы 15 тамызда Хрущев атындағы тың совхозында жаңа ашылған Хрущев орта мектебіне тарих пәнінің мұғалімі болып орналастым. Келесі жылы мені завуч етіп тағайындады.

Мен 1956 жылғы қыста Алматыдан елге демалысқа келгенде Марьевка селосында **болашақ жарым Кұлзағимен** таныстым. Ол бізге көрші Жалтыр ауылындағы Толыбай руынан екен. Осы рудың Бегайдар атты беделді адамының Қоңырбай, Жаманбай, Жанжол, Есенке, Шындаулет атты бес баласы болыпты. Жаманбайда Ақан, Ақпантай, Әлжан атты 3 ұл болыпты. Осылардың үлкені Ақаннан Серікбай атты ұл, Кұлзағи атты қыз туыпты. Шешелері Бәдіғұл.

Кұлзағи 1955 жылы Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебін тәмамдап, Қарағанды қаласына медицина институтына оқуға түсуге барады. Онда басқа емтихандарды жақсы тапсырса да, неміс тілінен 3 деген баға алып (ол мектепте бұл тілді нашар оқытқан) институтқа түсе алмайды. Барлық жерде емтихан бітіп қалған. Енді не істеу керек, үйге қайтуға ұят деп толқып жүргенде Көкшетау облысындағы Қотыркөл зооветеринарлық техникумы газеттерде хабарландыру беріпті: институтқа емтиханнан өте алмаған абитуриенттерді емтихансыз аламыз деп. Мұны оқыған Кұлзағи құжаттарын апарып сол техникумға оқуға түседі.

1956 жылы Марьевкада менімен кездескенде ол елге каникулға келіп, уақыты бітуге айналғанда Қотыркөлге жүргелі жүр екен. Мен оны осы бірінші көргенде-ақ ұнатып қалдым. Екеуіміз сөйлесіп хат жазысып тұруға уәделестік.

Осы кездесудің әсерімен сол жылғы қантарда мен оған арнап мынадай өлең жаздым:

Қарақат көздер күлімдеп
Тұрғандай маған «күнім» деп.
Қуаныш билеп бойымды
Айтқым келді «гүлім» деп.

Ақыл мен жүрек айқасады,
Жеңісе алмай шайқасады.
Әр қайсысы өзінше
Сынасып күшін байқасады.

Лаулап жүрек жанғанда
Ақыл бір естен танғанда,
Құшақтап сүйгім келеді
Құмарым әбден қанғанша.

Ақыл бірақ тоқтатады
Жүректің ыстық лүпілін.
Ойымнан кетпей сонда да
Мазалайсың, нұр гүлім!

Бұдан кейін Күлзағи Көкшетау облысындағы Щучинск орта мектебінде мұғалім болып істеп жүрген ағасы Серікбаймен, шешесі Бәдігүлмен 1957 жылы тамызда елге көшіп келе жатқанында Марьевкада кездесіп Жалтыр ауылының шофері Райымқұлов Молдаштың грузовой машинасымен Чапайға дейін бірге бардық. Чапайда мен түсіп қалдым, олар әрі қарай Жалтырға жүріп кетті. Осы кездесуден кейін мен мынадай өлең шығардым:

*Бір көргеннен елжіретіп
Тартып алдың өзіңе.
Басқа жандар жатқан өтіп,
Көрінбейді көзіме.*

*Қарап қалсаң мөлдіретіп
Шыдамаймын көзіңе.
Жүрсем де алыс шөліркетіп,
Құлақ салам сөзіңе.*

*Ақыл бастан алыс кетіп
Жол берілді сезімге.
Бейнеңді алда елестетіп
Болар ма екен төзуге.*

*Жоқ, төзуге болар емес
Билей алмай өзімді.
Барлық жаннан жеке дербес
Сүйдім, сәулем, өзіңді!*

Бұдан кейінде бірнеше рет кездесіп жүрдік. Мен Хрущев мектебінде қызметте жүргенде аяулы немере ағамыз **Айбас** қайтыс болды. Сонда Күлзағи маған арнайы хат жазып көңіл айтты. Бұл менің оған деген махаббатымды тіпті күшейтті.

Күлзағи техникумды бітіріп диплом алып келгесін Тимирязев ауданындағы Ишим совхозына веттехник болып орналасты. Совхоздың сол кездегі директоры әйгілі Социалистік Еңбек Ері Гайдуков Андрей Николаевич болатын. Мен бұл совхозға әдейі барып Күлзағимен кездесіп үйленейік деп ұсыныс жасадым. Ол ұсынысымды қабыл алып,

совхоздан расчёт алып өз үйіне келді. Ол кезде ағасы Серікбай Чапайда жаңа үй салып жатыр екен. Менің ұсынысыма ол: «Мына салынып жатқан жаңа үй бітпей, біреудің ескі үйінде отырып жалғыз қарындасымды ұзата алмаймын», - деді.

Амал жоқ тағы бір жылдай күте тұруға тура келді. Күлзағи бұл кезде Марьевка совхозына веттехник болып жұмысқа кірісті. Совхоз директоры кейін Социалистік Еңбек Ері атағын алған Әуелбеков Еркін Нұржанұлы. Күлзағидің тән бастығы бас зоотехник Атымтаев Нұрмағамбет қарамағындағы қызметкерлеріне өте қатаң болыпты. Күлзағи оның тапсырмаларын уақытында мүлткісіз орындап отырыпты.

Мен Чапайдағы Серікбайдың жаңа үйі салынып біткесін ол үйде де бірнеше рет болып Күлзағимен кездесіп жүрдім. 1959 жылғы маусым айында кездескенде екеуіміз үйленіп отбасын құруға келістік.

Ақыры 1959 жылдың 14 тамызында екі жақты келісім бойынша кешкі сағат 4 кезінде ауылдағы Оспанов Ғаббастың грузовой машинасымен Чапайға барып Серікбайдікіне түстік. Бас құда Сыздықов Қапаш. Басқа барғандар: Баймусин Қабен, Бектуров Нұрғожа, Айбастың 11 жасар ұлы Төлеген. Кешкі мәжілісте қыз жақтан ағасы Серікбай, әкесінің інісі Ақпантай, Серікбайдың жұбайы Мәркеннің аға-жеңгесі Ғалымбекпен Зада. Жалтырдан Крамша, Чапайдан Кәтай, тағы басқалар болды.

Мәжіліс жақсы өтті. Таң ата жатып, азырақ дем алып тұрдық. 15 тамыз (жексеңбі) түс ауа сол Ғаббастың машинасымен Күлзағиды ауылға (Ынтымаққа) алып келдік. Шешесі, аға-жеңгесі, тағы басқа

туыстары еріп келді. Екі күн ойын-той болды. Бәрі жақсы, көңілді өтті.

Ал мені Октябрь аудандық оқу бөлімі 19 тамыз күні сол ауданындағы Городецкое жеті жылдық мектебіне директор етіп тағайындады. Сондықтан мен үйленгеніме не бары төрт күн өткенде Городецкое селосына барып мектепті қабылдап алып жұмысқа кірістім. Жұбайым Күлзағи ауылда әке-шешемнің қолында қалды. Мен оны пәтер үйіміз дайын болғасын тек сол жылғы 5-інші қазан күні көшіріп алдым. Сөйтіп мектепте жұмыс істей бастадым.

Алғашқы кезде ескі мектептің үйінде оқыттық. Ол тіпті мектепке ұқсамайтын өте нашар үй еді. Қараша айында саманнан жаңа ғимаратқа көштік. Алғашқы кезде 7 класс қана болды. Оқушылар да, мұғалімдер де аз болды.

Екі жылдан кейін мектебіміз 8 жылдық болды. Балалар (оқушылар) саны өсіп, бастауыш кластарда параллельный кластар пайда болды. Оларды оқытатын мұғалімдер жетіспеуге айналды. 1961-1962 оқу жылы параллельный 3-«Б» класын оқытып жүрген Башкирова Нина деген қыз (білімі 10 клас) 7 қараша мерекесіне Новопокровкаға үйіне кетіп еді, содан қайтып келмеді. Басқа мұғалім жоқ. Күлзағидың құжаттарын тапсырып районодан бұйрық алып 3-«Б» класына мұғалім етіп тағайындадық. Бір жастан жаңа ғана асқан **Розаны** (20.10.1960 ж.туған) ауылға апарып ата-әжесіне тапсырдық.

Күлзағи жап-жақсы мұғалім болды. Оның 3-«Б» класындағы оқушылары тәжрибелі мұғалім Николай Васильевич Тимченко оқытып жүрген 3-«А» класының оқушыларынан кем болған жоқ.

Құлзағи өзінің мейірімділігімен оқушыларына да, олардың ата-аналарына да ұнады.

Осы Городецкое селосында 1962 жылғы 12 маусымда **Сара** туып, 1963 жылғы 17 шілдеде **Гюльнар** туды. Кейін 1968 жылғы 6 тамызда **Марат** дүниеге келді.

Мектебіміз жылдан жылға өсіп оқушылар да білікті мұғалімдер де көбейді. 1967 жылы ол орта мектеп дәрежесіне көтерілді. Мектептің жұмысы жақсы жүріп жатты. Аудандық оқу бөлімі біздің мектепте аудан мектеп директорларының семинарларын, әдістемелік конференциялар өткізіп тұрды. Облыстық оқу бөлімі де мектеп жұмысын жоғары бағалады.

1970 жылғы ақпан айында мені алдыңғы қатарлы мектеп директоры ретінде Украина республикасының озық мектептерінің жұмысымен танысуға арнайы баратын облыстық делегацияның құрамына кіргізді. Украинада екі жұма болып бірсыпыра мектептерінің жұмысымен танысып қайттық.

1971 жылдың 10 желтоқсанында мені облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары етіп тағайындады. Осы қызметте 23 жыл істедім, одан соң облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында 5 жыл әдістемелік, оқытушылық қызмет атқардым. Барлық жерде де абыройлы болдым.

1972 жылғы 5 ақпанда Петропавлға көшіп келдік. Содан бері осында тұрып жатырмыз. Балаларымыз осы қаладағы № 41 мектепте оқыды. **Роза** 8-класты бітіргесін учетно-экономический техникумға оқуға түсті. Оны тәмамдағасын Алматының халық шаруашылығы институтында оқыды. Оны бітіріп диплом

алып елге оралды. Мұнда Петропавлдағы банк саласында бір жыл қызмет атқарды. Осы қызметте жүргенде бұрын өзімен бірге халық шаруашылығы институтында бірге оқыған Баймұратов Әнуарбекке тұрмысқа шығып Алматыға барып банкке қызметке орналасты. Қазірде сонда қызметте. Сол Алматыда **Жұлдыз, Гульназ** атты қыздары туды.

Жұлдыз орта мектепті бітіргесін ЕНТ-ны 120 балға тапсырып, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне оқуға түсті. Оны бітіргесін Оңтүстік Кореяға барып, магистратураны тәмамдап 2 жыл стажировкадан өтіп, Алматыда Бекбосынов Әлібек деген жігітке тұрмысқа шықты. 2016 жылы 16 желтоқсанда Ескендір атты сәби дүниеге келді. 2019 жылы 4 шілдеде Сенай атты қыз дүниеге келді.

Гульназ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін қызыл дипломмен бітіріп, Халық шаруашылық институтының магистратурасын тәмамдады. Қазір Алматыда банк жүйесінде қызмет істейді.

Қызымыз Сара 10-кластан кейін Петропавл пединститутының тарих факультетін бітіріп, еңбек жолын Петропавл педучилищесінде тарих пәнінің оқытушысы болып бастады. 1988 жылы Тәжіғұлов Жанахметке тұрмысқа шықты. Кейін облыстық қазақ мектеп-интернатында, Назарбаев зияткерлік мектебінде тарихтан сабақ берді. Бұған қоса Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде студенттерге тарихтан сабақ берді. Қазір Петропавл қалалық классикалық гимназиясында тарих пәнінің оқытушысы болып

істеп жүр. 1989 ж. 11 қыркүйекте **Жанар** атты қыз туды. Ол бір жасқа келгенде (1990 ж. 11 қыркүйек) мен оған арнап мынадай өлең шығардым:

*Қарағым, айналайын, Жанар жаным
Еркесі екі әже мен екі атаның.
Бір жасқа толуыңмен бүгін сені
Әдейі осы өлеңмен құттықтадым.*

*Өс, талпын, аяғыңды бас тезірек
Гүілде: папа, мама, әже, ата деп.
Жүгіріп жүретін бол екі әжеңе
Иіскетіп маңдайыңнан алма кезек.*

*Ешкімді жатырқама, бәріне бар
Айтылған жақсы сөзге құлағың сал.
Қазақ пен орыс тілін бірдей біліп
Кем қалма қатарыңнан, жас өрімтал.*

*Жайнап өс, азамат бол, Жанар ботам,
Осы еді саған берер менің батам.
Бір жасқа толуыңмен құттықтайды
Жатып ап емханада нағашы атаң.*

11 қыркүйек 1990 жыл. № 3 аурухана.

Жанар 11 кластан кейін Алматыдағы Абылайхан атындағы халықаралық қатынастар және әлемдік тілдер Университетінің қытай тілі факультетін бітірді. Қытай, ағылшын тілдерін үйренген. Бірнеше жыл Алматы аэропортында қызмет етті. Экономика

саласының магистрі. Соңғы жылдары Алматыда логистикамен айналысады.

Жәдігер 1993 жылғы 6-ншы шілдеде туған. 11-кластан кейін Солтүстік Қазақстан университетінің экономика факультетін тәмамдап, 2015 жылдан бастап 2017 жылғы сәуіріне дейін Петропавл қалалық әкімдігінде қаржы бөлімінде экономист - бас маман болып істеді. 2017 жылғы мамыр айынан бастап Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі Республикалық ғылыми-зерттеу институтының салық алу бөлімінде жоғары дәрежелі маман-экономист болып істейді. Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

Қызымыз Гюльнар орта мектепті 1980 жылы алтын медальмен тәмамдап, Алматыдағы С.М.Киров (қазір әл-Фараби) атындағы Қазақ Мемлекеттік (Ұлттық) университетінің тарих факультетіне оқуға түсті. Оны 1985 жылы қызыл дипломмен бітіріп елге оралып, Петропавл пединститутының тарих-филология факультетіне оқытушы болып орналасты. Осында қызметте жүріп, 1991 жылы Москваның Шығыстану институтының аспирантурасына түсті. Аспирантураны ойдағыдай 1994 жылы бітіріп, 1995 жылы кандидаттық диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты атағын алды. Жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор Гуревич Борис Павлович. Москвадан оралғасын Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінде қызметін жалғастырды. 2004 жылы доцент атағын алды. 2005 жылғы қазан айында облыстық әкімдіктің әлеуметтік – мәдени бөліміне

бас маман болып қабылданды, кейін бөлім бастығы болып жоғарылатылды. 2007 жылы облыстық оқу бөлімінің меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалды. 2009 жылы ақпанда Петропавл қалалық әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бастығы болып бекітілді. 2011 жылы тамыз айында Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің стратегиялық анализ және болжамдау Орталығының директоры қызметіне тағайындалды. Кейінгі жылдары журналистика факультетінде «Баспа ісі және дизайын» кафедрасында профессор және 2016 жылдан бастап Университетте шығып тұрған халықаралық ғылыми әдеби-көркем «Айқап» журналының жауапты редакторы қызметін атқаруда. 2019 жылы профессор атағына ие болды. Сонымен бірге 2015 жылдан бастап Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында жетекші ғылым қызметкер болып жұмыс істейді. Оншақты монографиялар, оқулық, көптеген ғылыми мақалалар авторы. Республикалық БАҚ-да көптеген мақалалары басылып шықты.

Гюльнардің ұлы **Олжас** 1984 жылғы 29 қарашада Алматы қаласында туған. Олжас Петропавл қаласының «Искорка», «Гульдер» деген балабақшаларында тәрбиеленді. Бастауыш мектепті № 3 мектепте төмамдап, кейін Қожаберген жырау атындағы қазақ орта мектебін бітіріп, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсті. Оны бітіріп заңгер дипломын алып шықты. Бұдан соң Солтүстік Қазақстан облыстық бақылау және әлеуметтік қорғау Департаментінде бас маман юрисконсульт, Солтүстік Қазақстан облыстық

мемлекеттік мекемесінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде бас маман, Облыстық халыққа қызмет көрсету (ЦОН) орталығында бас маман болып абыройлы қызмет атқарды.

Бұдан кейін Олжас Нұр-Сұлтандағы Еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігіне қызметке кірді. Кейін Президенттің қарамағындағы Республикалық Мемлекеттік Басқару Академиясына магистратура оқуына 2014 жылы түсіп, оны ойдағыдай 2016 жылы бітіріп, Еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігіне қайта оралды. Қазірде сонда абыройлы істеп жүр.

2013 жылы 11 маусымда Олжас Шығыс Қазақстаннан Иманбаева Қымбат Мәлікқызын бізге келін қылып әкелді. Сол жылғы 14 тамыз күні екеуінің үйлену тойын өткіздік. Той жақсы өтті. Оған көп адам қатысты: біздің ағайын туыстар, Қымбаттың шешесі, екі ағасы, бір апайы және оның ұлы, Олжастың жолдастары, тағы басқалар. 2013 жылғы 11 маусымда Қымбат біздің үйге келін болып түскенде, мен оған арнап «Қымбат келінге» деген атпен мына өлеңді шығардым:

ҚЫМБАТ КЕЛІНГЕ

*Қадамың құтты болсың, Қымбат келін!
Қызылжар өлкесі де сенің елін,
Жайқалған арман-тоғай жанға жайлы
Көкорай шалғыны бар – асқар белең.*

*Қош келдің Өскеменнен біздің жерге
Қосылып өзің сүйген Олжас ерге.
Махаббат екеуіңде берік болсын
Жұп жазбай болғайсындар ылғи бірге.*

*Жас отау екеуіңе құтты болсын,
Қуаныш, бастарыңа бақыт қонсын!
Қуанып екеуіңді құттықтаған
Ағайын-туысқандар үйге толсын.*

*Жиһаздар ақ отауда толып тұрсын
Үйіңе қонақ-қоңсы қонып тұрсын.*

*Дәм-тұзың мерекелі молынан боп
Қанша жан келсе-дағы тойып шықсын.
Шаңырағы ақ отаудың биік болсын
Ақ жүзің жарқыраған нұрға толсын
Келінжан, менің батам қабыл болып
Үйіңе Қыдыр ата келіп қонсын!*

Келесі өлеңімді мен Олжас пен Қымбаттың үйлену тойына арнап 2013 жылы 14 тамызда оқып бердім:

ОЛЖАС ПЕН ҚЫМБАТТЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНА АРНАУ

Олжас, Қымбат екі жас
Қуанышпен қол ұстас
Жас отау құрып екеуің
Үй болыңдар мызғымас.

Тойларың құтты болсын!
Бастарыңа бақ қонсын!
Жаратқан ием жақ болсын
Босаға берік болсын.

Ынтымақ серік болсын
Шаңырақ биік болсын
Перзенттерің көп болсын,
Уайым-қайғы жоқ болсын.

Ынтымақты, ырысты болыңдар
Ағайынға жұғысты болыңдар.
Дос пен туыс көп болсын,
Дұшпандарың жоқ болсын.

Көңілдерің шат болсын
Дастархандарың тоқ болсын
Махаббат, сезім өмірлік
Суымайтын шоқ болсын.

Қол ұстасқан екі жас
Істеріңді тағдыр оңдасын.
Қайда жүрсеңдерде қолтықтап
Қыдыр бабам қолдасын!

2014 жылғы 13 шілдеде тұңғыш шөбереміз **Мұхаммад** дүниеге келді. Мен осы қуанышқа, сәбидің туған күніне арнап «Бәрекелді, жарандар, бәрекелді!» атты өлеңімді шығардым. Бұл сәбидің дүниеге келуі бәрімізге зор қуаныш әкелді:

БӘРЕКЕЛДІ, ЖАРАНДАР, БӘРЕКЕЛДІ!

(Сәбидің туған күніне)

*Бәрекелді, жарандар, бәрекелді!
Дүниеге жаңа туған сәби келді.
Анасының құрсағын жарып шығып
Іңгәлап бар әлемге сәлем берді.*

*Дүниеге жаңа туған сәби келді
Өзімен көп қуаныш ала келді.
Анасы да қуанып күлімдейді
Тоғыз ай осы күнді күтіп еді.*

*Жас сәби кәдімгідей іңгәлайды,
Әкесі оған қарап жымыңдайды.
Атасы мен әжесі көздерінде
Жарқырап қуаныштан нұр ойнайды.*

*Бәрекелді, жарандар, бәрекелді
Дүниеге жаңа туған сәби келді.
Бұл қуаныш өмірлік есте қалсын
Ағайын, той-думанды қыздыр енді...*

2014 жылдың басында Олжас, Қымбат пен Мұхаммадты алып Нұр-Сұлтанға көшіп барып, пәтер жалдап тұрды. Кейін сәуірдің бас кезінде Қызылжарға келді. Осындағы перинаталды орталықта Қымбат аман-есен босанып **Сабырәлі** туды 2016 жылғы 21 сәуірде. Оның туғанына 40 күн толуына арнап мынадай өлең шығардым:

САБЫРДЫҢ ТУҒАНЫНА 40 КҮН ТОЛУЫНА АРНАУ:

*Сәуірде дүниеге сәби келді
Іңгәлап, мен келдім деп хабар берді.
Аты кім кішкентайдың дегенімде
Әкесі мұның аты Сабыр деді.*

*Жас сәби атасына сәлем берді
Атасы риза боп оны иіскеді.
Қуанды інісіне Мұхаммад та
Түсініп оған ешбір тиіспеді.*

*Қырық күн өте шықты содан бері
Ақырын өсіп келеді Сабыр сері
Ол әлі ешкімді де танымайды
Танитын оның күні әлі ілгері.*

*Ертен-ақ ол да өсер ағасындай
Мұхаммад ойнар оны баласынбай
Екеуі қол ұстасып жүрген кезде
Қуанар күлім қағып аспанда ай.*

Өскенін екеуінің көрсем деймін
Садикке бірге апарып жүрсем деймін.
Мектепке барғандарын көремін бе
Ол жағын әлі өзімде дөп білмеймін.

Дегенмен үмітім бар көрем деген
Болайық оған дейін аман-есен.
Қуанып шөберелер қызығына
Әзірше аман жүр ғой атаң, әжең.

1 маусым 2016 жыл.

Қазір Олжас Нұр-Сұлтан қаласында семьясымен тұрып жатыр.

Ұлымыз Марат № 41 Қызылжар қалалық орта мектепті тәмамдағасын өзі барып Новосибирск университетінің физика-математика факультетіне оқуға түсті. 2-ші курсты бітірген кезде әскерге алынып, әуелі Ишим қаласында, кейін Қиыр Шығыста (Приморский край) әскерлік міндетін атқарды. Әскерден келгесін оқуын әрі қарай жалғастырды.

Университетті аяқтап диплом алғасын сол қалада біраз уақыт әртүрлі қызметте болды. Біраздан кейін Украинаға барып, сонда Ангелова Ольга Анатольевнаға үйленді. Содан бері Украинаның Запорожье қаласында тұрады. 2012 жылы 25 қантарда **Надия** атты қызы туды. Ол биыл 1-класта оқып жүр. Марат биыл (2019 ж.) сәуір айында бізге Петропавлға келіп кетті. Қазір семьясымен Украинада тұрады.

Інім Қабылқайыр алдымен Жақсылық екеуі Дмитриевкада оқыды да кейін мен қызмет істеп тұрған Городецк мектебінде оқыды екеуі де.

Қабылқайыр осы мектепте 8 класс бітіргесін Петропавл қаласындағы ауылшаруашылығын механикаландыру теникумына оқуға түсті. Мұнда Айбастың Төлегені екеуі бірге оқыды. Техникумды тәмамдағасын Қабылқайыр Интернационал совхозында механик болып қызмет етті. Сонда қызметте жүріп Омбы ауылшаруашылық институтының механика факультетіне сырттай оқуға түсті. Оны бітіріп, инженер-механик дипломына ие болды. Әскерге барып азаматтық борышын да өтеп келді.

1973 жылғы 10 қарашада Ғалия шешеміз 68 жасында қайтыс болды. Бәріміз жиналып дөңдегі ата-баба зиратына жерледік. Топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

1974 ж. желтоқсанда Қабылқайырды Жұмағалиев Рәшиттің қызы Қарашашқа үйлендірдік. Күлзағи екеуіміз Қызылжардан әдейі келіп екеуінің үйлену тойын ауылдағы мектептің ғимаратында өткіздік. Той жақсы өтті.

Кейін олардың **Болат, Қанат, Мәдина** атты балалары дүниеге келді.

Болат 1975 жылы 1-нші қантарда туған. Ол 2001 жылы Сергеевка қаласында Айтпеннова Үмітке үйленді. Күлзағи екеуіміз әдейі Сергеевкаға барып олардың үйлену тойына қатыстық. Болат пен Үміттің балалары: **Қуат** 2004 жылғы 21 мамырда туған, биыл 9-шы класты бітірді. **Даниал** 2006 жылы 21 тамызда туған, 6-класты бітірді. **Айтжан** атты қызы

2013 жылы 8 тамызда туған, «Салтанат» балабақшасына барып жүр.

Болат Петропавл қаласының коммуналдық шаруашылығында шофер болып істейді. Үміт «Салтанат» балабақшасында повар.

Қабылқайырдың екінші ұлы Қанат 1978 жылы 11 мамырда туған, Петропавл политехнический институтының радиотехника мамандығы бойынша бітіргесін программист болып істеді. Бір жыл әскерде болып келіп Петропавлда таможняда, кейін ҰҚК-де істеді. Қазір Нұр-Сұлтанда ҰҚК-де майор дәрежесінде қызметте. Ол алдымен **Фирузаға** үйленді. Одан 2006 жылы 17 желтоқсанда ұлы **Ильяс** туған, қазір 6 класта оқиды, 2008 ж. 20 наурызда қызы **Индира** туды, ол 5-класта оқиды. Фирузамен ажырасқаннан кейін Қанат 2018 ж. Гулжанға үйленді. Одан 2018 ж. сәуірде ұлы **Мирас** туды.

Қабылқайырдың қызы Мәдина 1987 жылғы 21 наурызда туған. Жолдасы белорус жігіті Дима. Екеуінің Асуанна (4 жаста), Вета (3 жаста) атты қыздары бар. Бұлар Белоруссияның астанасы Минскіде тұрады.

2018 жылғы 20 қазанда **Қабылқайыр 70 жасқа толды**. Оның осы жасқа толуына арнап мынадай өлең шығардым:

*Арқалап зымыраған жылдар жүгін
Жетпіске Қабылқайыр келді бүгін.
Ағалық шын жүректен тілейтінім
Қайырлы, құтты болсын туған күнің.*

Сен тудың Сайағаштың бауырында
Сондағы Ыңтымақтың ауылында.
70 жыл өткен екен содан бері
Өмірдің көрдің жеңіл, ауырын да.

Оқыдың Метропке мен Тарақанда
Өсірдік салып сені алақанға
Әрдайым жаны қалмай күтті өзіңді
Ауылда тұрып жатқан ата-анаңда.

Омбыда инженерлік білім алдың
Көтеріп көңіл-күйін кемпір-шалдың.
Үйлендің, балалар да өсіп-өнді
Қызметте талайлардың болдың алды.

Бұл күнде немерелер өсіп келеді
Аталап жан-жағынан дауыс береді.
Бақыттың биік шыңы осы емес пе
Көңілге қуаныштың нұрын себеді.

Ендеше құтты болсын 70 жасың
Жасай бер сексенменен тоқсан асып.
Жүзге кел бар әулеттің ортасында
Жүрейік құаныштан асып-тасып.

Біз Петропавлға көшіп келгесін Құлзағи осындағы пединституттың биология факультетіне оқуға түсіп, оны 5 жылда бітіріп биология пәнінің оқытушысы атағын алып шықты. Бірақ семья жағдайына байланысты мұғалім болып істеуге мүмкіндік болмады. Ол «Ромашка» балабақшасында тәрбиеші, облы-

стық сырттай оқыту мектебінде және қаланың № 6 мектебінде кітапханашы болып қызмет атқарды.

Осылай қызмет істеп жүріп Күлзағи 1986 жылы маусымда 50 жасқа келді. Мен оның осы юбилейіне мынадай өлең арнадым:

*Күндер, жылдар зымырайды тынымсыз.
Жұмыспенен аңғармаймыз мұны біз.
Кеше ғана мөлдіреген келіншек
Бүгін міне 50 жасқа келіңіз.*

*50 жасың кемеліңе келгенің
Келіншектен енелікке енгенің.
Бір күндері кішісі едің келіннің
Бүгін енді үлкенісің жеңгенің.*

*Балалардың үшеуі асты жиырмадан
Ең үлкені алыста жүр қимаған,
Қысылушы ең «мама» десе балалар
Енді міне «әже» атағы сый болған.*

*Қуанасың «әже» десе немерең
Немереден артық бізге не керек,
50 жасқа келуіңе арналды
Сезім толы мөлдіреген бұл өлең.*

*50 жасың құтты болсын, Күлекем!
Бүгін, сірә, армансызсың тілектен
Менің қоса тілейтінім өзіңе:
25 деп соға берсін жүректер!*

*Елуіңе тағы елу қосылсын
Өмір зырлап жел маядай жосылсын.
Дос, жолдастар бірге жасап, қуанып
Дұшпан біткен орта жолда тосылсын.*

*Алдымызда әлі талай асу бар
Қуаныш бар, қайраттану, жасу бар.
Әкел қолды, бірге соқсын жүректер:
Бөгет болмай бізге қиын асулар!*

*Асулардың талайын біз алайық
Құанышқа қарық болып қалайық
Есте болсын бүгінгі той осымен
Кел бәріміз шырын-шарап алайық!*

Күлзағи 1991 жылы 21 маусымда зейнеткерлік демалысқа шықты. Мен оның 55 жасқа келіп зейнеткерлікке шыққанына арнап мынадай бір шумақ өлең жазыппын:

*Күлеке, 55-ке келдің бүгін
Мойныңнан сырғыт енді қызмет жүгін.
Қызықты, қуанышты өтсін енді
Алдағы зейнеткерлік 50 жылың...*

2009 жылғы 15 тамызда біз қосылып үйленгенімізге 50 жыл толды. Осыған орай мен мынадай бір шумақ өлең жаздым:

*Бүгін біздер қосылғалы 50 жыл.
Елу жылда айтылды ғой талай сыр.
Еңбек еттік, балаларды өсірдік
Алдымызда енді қанша өмір тұр.*

Осы күнге ескерткіш болсын деп екеуміз әдейі фотографияға барып суретке түстік.

Өмір әлі қарай жалғасып жатты. Үй іші тұрмыста жақсарды, ағайын-туыстарға, дос-жолдастарға сыйлы болдық. Осының бәрінде жолдасым, жан серігім Күлзағидың еңбегі зор еді. Оның осындай еңбегін бағалап 2012 жылғы тамызда (қосылғанымызға 53 жыл толуына орай) «Сенің арқаң» деген өлең жазып шығардым:

СЕНІҢ АРҚАҢ

*Сенің арқаң менің бұлай жүргенім
Еш алаңсыз еркін өмір сүргенім.
Туыстармен, жолдастармен әрқашан
Таза көңіл, сыйластықты білгенім.*

*Сенің арқаң дәмді тамақ ішкенім,
Білмесемде оның қалай піскенін.
Мезгілімен ұйқыны да қалдырмай
Көп оқумен, көп жазуға түскенім.*

*Сенің арқаң қызметте өскенім
Өзіңменен бақытты өмір кешкенім.
Балаларды тәрбиелеп екеулеп
Көргеніміз олардың да өскенін.*

*Сенің арқаң еңбегімнің жанғаны
Кітап болып жазғандарым қалғаны.
Қандай жақсы сол кітаптың ішінде
Сенің дағы еңбегіңнің болғаны.*

Сенің арқаң жаман емес күйіміз
Әрқашанда қонақжайлы үйіміз.
Ыстық құшақ шын ықылас беретін
Қонақтарға біздің жақсы сыйымыз.

Сенің арқаң үйге келген әр кісі
Мейлі үлкен, мейлі болсын ол кіші
Алғыс айтып, риза боп кетеді
Бітіріп ап бізге келген бар ісін.

Сенің арқаң жұрт қатарлы болғаным
Көмектесед әман сенің талғамың.
Сенің ғана қабағыңнан айырам
Адал дос пен кейбір достың жалғанын.

Сенің арқан балалардың өскені
Басқалардан олардың жоқ еш кемі
Барлығы да білім алып жоғары
Қуантады өмір жолын шешкені.

Сенің арқаң ағайынмен сыйласпыз
Жамандыққа ешкімді біз қимаспыз.
Үлкені де, кішісі де туыстың
Келіп жатады көріп бізден сыйластық.

Сенің арқан досымыз көп, дұшпан жоқ
Дос көп болса, бәрімізде көңіл тоқ.
Достық көңіл арта берсін ұдайы
Дос болмаса керегі не дүние боқ.

Сенің арқаң арылмаймыз қонақтан
Қазанымыз түскен емес газ-оттан
Қазағымның қонақжайлы ғұрыпын
Сақтап жүрміз әлі күнге жоғалтпай.

Сенің арқаң дастарханда береке
Үйімізде күнде жиын, мереке.
Дәл осылай бола берсін лайым
Жүре берші жайраң қағып, Күлеке!

Сенің арқаң берекелі үйіміз
Сенсіз біздің не болар ед күйіміз.
Алда қандай қиын күндер болса да
Айрылмайық бірімізден біріміз.

СЫЗДЫҚТЫҢ ҮШІНШІ БАЛАСЫ ҚҰРМАН

Сыздықтың үшінші баласы **Құрман** 1903 ж. туған. Ол жасынан Тілеуберді атамыздың бауырында болып фамилиясы Найманов болып жазылған. Құрман Найманов сыртта, совхозда малшы болған. Әйелі Кәпия Мұхаметжанқызы. Балалары: **Шәріп, Қайыржан.**

Құрман соғысқа әскерге жүрерде семьясын біздің үйге әкеп салды. Ол кеткесін ұзамай әйелі Кәпия ауырып қайтыс болды. Шәріп пен Қайыржанды әжем күтті. Қайыржанның еңбектеп жүрген кезінде бір күні біздің үйге Кәпияның әкесі Мұхаметжан келді, сірә Кәпияға бата қыла келсе керек. Ол еңбектеп жүрген жиені Қайыржанды көріп, бетінен сүйіп, алдына отырғызып жақын тарта бастады. Бала да оны жатсынбай, өзі еңбектеп келіп алдына отыратын болды. Бала үйренгесін бір күні Мұхаметжан ақсақал: «Осы жиенімді маған беріңіз, менің балам жоқ, сіздерде Шәріп бар ғой, мен Қайыржанды бала қылайын», - деп әжеме қолқа салды.

Әжем әрі оның көңілін қимай, әрі бала да оған үйреніп қалғанын көріп рұхсатын берді. Сөйтіп, 1942 жылғы жазда кішкентай Қайыржанды нағашысы еліне алып кетті. Сол Қайыржан өсіп ер жетіп, сонда Мұхаметжанов болып біржола қалды. Шал, кемпір қайтқаннан кейін сол үйдің шаңырағына ие болды. Үйленген, бала-шағасы бар.

Құрман ағамыз соғыста бір қолынан жараланып 1943 ж. наурыз айында елге оралды. Ол кезде колхозда малшылар жетіспейтін. Сондықтан оны

колхоз басқармасы малшы етіп қойды. Ол қысы-жазы мал фермасында жұмыс істеді. Кейінірек Айша деген жесір әйелге үйленді. Одан бір қыз туып атын Күлжамал қойды.

Күлжамал сүйкімді, әдепті қыз болып өсті. Ағайын-туыстар оны еркелетіп Күләтә дейтін. Кейін оны біздің жаққа жұмысқа келген бір қырғыз жігіті алып үйленіп Қырғызстанға алып кетті. Ол онда жүргенде күйеуін біреулер өлтіріп кетіп, Күлжамал 4 баламен елге келіп, Жарқын ауылына орналасты. Балалары: Қалыбек, Бақытбек, Полайбек. Күлжамал 2019 ж. наурызда қайтты.

Құрман ағамыз 1974 ж. 27 шілдеде қайтыс болды. Біраздасын Айшаны бұрынғы күйеуінен қалған қызы Майра Жарқынға көшіріп әкетті.

Құрман ағамыздың үлкен ұлы **Шәріп** 10 класты бітіргесін Петропавл қаласындағы кооперативный училищеге оқуға түсті. Оны бітірерде әскерге алынып 2 жыл әскери міндетін атқарып келді. Кейін ол Жарқын ауылының тұрғыны Шөкітай деген кісінің Ұлболсын атты 1943 ж. 24 наурызда туған қызына үйленді.

Шәріптің баласы: **Дулат** - 1965 ж. 7 маусымда туған, оның әйелі Роза - 1970 ж. 13 наурызда туған. Балалары: Рүстем - 1991ж. 30 қаңтарда туған, қазір Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер Департаментінің бас маманы болып қызмет атқаруда. Қызы Дина – 1993 ж. 24 желтоқсанда туған. Петропавлдағы № 4 орта мектепте бухгалтер.

Шәріптің үлкен ұлы **Дулат** 2019 ж. 19 қаңтарда Тимирязеводағы үйінде қайтыс болды. Әйелі Роза мен балалары және іні, қарындастары, ағайын-туы-

стар Тимирязевода жаназасын шығарып ауылдағы ата-баба зиратына апарып жерледі.

Роза Шәріпқызы 1968 ж. 22 маусымда туған. Учетно-экономический техникумды бітірген. Бостандық ауылының жігіті Бағытқа тұрмысқа шыққан. Олардың балалары: Арайлым - 1998 ж. 20 мамырда туған, Мамлюткада мұғалім бастауыш класта, Рахат - 2003 ж. 20 наурызда туған, мектепте оқиды.

Раушан Шәріпқызы – 1970 ж. 13 желтоқсанда туған. Педучилищені бітірген, қазір қаладағы № 2 мектепте подготовительный класта мұғалім. Жолдасы Тұяқ Жұмағұлов 1967 ж. 21 ақпанда туған, «Жедел жәрдем -Скорая помощьта» істейді. Балалары: Сәния – 1992 ж. 8 маусымда туған, Алматының медициналық институтын бітірді. Қазір Қытайда 3 жылдық магистратурада оқуда. Үміт – 2004 ж. 14 сәуірде туған, қалалық классикалық гимназияда 8-класта оқып жүр. Қызы Насихат – 2016 ж. 4 наурызда туған. № 2 мектепте бала бақшада.

Рая Шәріпқызы - 1973 ж. 10 ақпанда туған. Петропавл медучилищесін бітірген. Жолдасы Марат Сомратов – 1970 ж.туған, Көкшетауда инженер. Балалары: егіз туған Ансар және Айзада, 2018 ж. 10 қарашада.

Серік Шәріпұлы Найманов –1975 жылғы 25 желтоқсанда туған. Әйелі Динара 1983 ж. 20 наурызда туған. Балалары: Назира - 2015 ж. 4 наурызда туған. Әлихан – 2016 ж. 28 қазанда туған. Бұлар Нұр-Сұлтанда тұрады.

Дәулет Шәріпұлы - 1978 ж. 18 ақпанда туған. Бойдақ. Қалада «Жедел жәрдемде» шофер болып істейді.

Дәурен Шәріпұлы – 1980 ж. 28 қыркүйекте туған. Бойдақ.

Дәуренбек Шәріпұлы – 1982 ж. 2 қарашада туған. Бойдақ.

Соңғы екеуі шешесі Ұлбосынмен ауылда Ыңтымақта тұрады.

СЫЗДЫҚТЫҢ ТӨРТІНШІ ҰЛЫ ОМАР

Сыздықтың төртінші ұлы **Омар** 1905 ж. туған. Ол өте бауырмал жан еді. Мені сондай жақсы көрді. Кішкене күнімде өзі екі аяғымен екі қолына сүйеніп енбектеп «түйе» болып мені арқасына отырғызып үй ішінде төрттағандап жүретін. Енді бірде мені ұстап алып «түйе» болып: «жеп қояйын ба, жеп қояйын ба?» деп өтірік тістегені есімде қалыпты. Сонда мен «жеме!» - деп бақыратынмын.

Соғыстың алдыңғы жылдары ол Ақмола – Қарталы, Мойынты – Шу теміржолдарын салуға қатысып келді. Сонда маған әртүрлі киімдер, тағы басқа сыйлықтар әкелетін. Соғыс басталысымен 1941 жылдың шілде айында ол әскерге алынып, соғысқа қатысты. Әскерге жүрерінде шешесін қимай құшақтап, «Әйәм-ай! Әйем-ай!» деп жылағаны осы күнге дейін көз алдымда.

1944 жылы майданнан «қара қағаз» келді. Онда «Сыздықов Омар 1944 жылғы 6-ншы наурыздан хабарсыз кеткен» деп жазылыпты. Ол үйленген де жоқ еді.

СЫЗДЫҚТЫҢ БЕСІНШІ ҰЛЫ ХАМЗА

Сыздықтың бесінші ұлы **Хамза** 1907 жылы туған. Соғысқа дейін әуелі колхозда әртүрлі жұмыс істеді. Кейін комбайнерлер дайындайтын курсты бітірді. Соғыстың алдында белсенді комбайнер (ударник) болды. Бірде оның ерең еңбегі бағаланып 5 метр мата сыйға алғаны есімде қалыпты.

Хамза ағамыз соғыстың алдында (майданға жүрерінен бір ай бұрын) Аманжолов Ауғанбай деген кісінің **Сақып** деген қызына үйленді. Соғыстан бір иығынан жараланып 1943 жылдың басында елге оралды. Бұл кезде біздің үй жүдеп отыр еді. Үйде кәрі әжем, Кәбәмнің (Хамза ағамызды мен «Кәбә» дейтінмін, менен кейін басқа балалар да «Кәбә» деп атады) жас келіншегі Сақып, мен, Құрман ағайдың ұлы Шәріп төртеуіміз ғана болдық қой.

Кәбәм келісімен тұрмысымыз түзеле бастады. Ол Дмитриевкадан хат, газет, журнал тасушы болып орналасты. Колхоз оған почта тасуға бір ат берді. Осы жұмысты ол бірнеше жыл зор ыждахаттылықпен атқарды. Оның почта тасушы жұмысын жақсы атқарғаны туралы облыстық «Ленин туы» газетінің 1950 жылғы 6 қаңтардағы санында осы газеттің Октябрь ауданындағы тілшісі Қапош Құрманғалиевтің «Үлгілі хат тасушы» деген мақаласы шықты.

Кәбәм орасан еңбекқор еді. Бір қолының жарақатына қарамай жаз бойы қол шалғымен шөп шауып арбасымен таситын, қысқа отын дайындайтын. Үй ішін жүдетпеуге бар күшін салатын. Мені

Дмитриевка мектебіне 1943-1944 оқу жылы оқуға орналастырып, қашан 1949 жылы сол жетіжылдық мектепті бітіргенше қамқоршы болды, бір күн де оқудан қалғам жоқ.

Алғашқы кезде орыс тілін білмегендіктен оқу қиын болды. Бірақ мен орыс тілін үйрену үшін орыс тіліндегі кітаптарды көп оқыдым, әрі мұғалімнің айтқандарын мұқият тындап, кластағы орыс балаларының сөздерін де көп тындадым. Нәтижесінде оқу жылының соңына дейін орыс тілін әжептәуір меңгеріп алдым.

Мен 1943 жылғы қыркүйекте осы мектептің 2-ші класына қабылданған едім. 1949 жылғы маусымда 7-ші класты бітіргенім туралы куәлік алып шықтым. Өтіп бара жатқан күндер-ай! Содан бері биыл 70 жыл болып қалыпты. Дмитриевка мектебінде 6 жыл оқығандағы өмірім туралы бұдан бұрынғы шыққан «Өмір белестері» атты кітабымда жазғанмын. Сондықтан бұл жерде қайталамаймын. Тек тағы да айтатыным сол қиын жылдарда менің оқуыма қамқор болған Кәбәма (Хамза ағама) алғысым шексіз!

КӘБӘМ МЕН САҚЫП ЖЕҢГЕМНЕН ТУҒАН БАЛАЛАР:

Мәлік – туғасын бір айдан кейін шетінеп кетті (Әжем «көз тиген» деп отыратын). **Жақсылық, Аймағамбет, Сайлау, Бағыт, Есмағамбет және Зүбира, Күлзира атты қыздары бар.**

Жақсылық 1944 жылғы 13-шілдеде туған. Ауылдағы қазақ бастауыш мектебінің 3 класын бітіргесін Дмитриевка орыс мектебінде қайта 2-3-інші кластарда оқиды. Бұдан кейін Городецкое сегізжылдық мектебінде 4-5 кластарда оқиды да, қайтадан Дмитриевка мектебіне барып 6-7-інші кластарды оқып бітіреді. 1962 жылы Явленка селосында шоферлық курста оқып шоферлік куәлік алып шығады. 1962-1963 жылдары Степной совхозында шофер болып жұмыс істейді. 1964 ж. қараша айында әскерге алынып 3 жыл Қиыр Шығыстағы Южно-Сахалинск қаласында әскерлік міндетін атқарады. 1967 жылы Сергеевка қаласында бір жыл ГАИ-да инспектор болып қызмет істейді. 1968 жылы 20 наурызда Рабиға Ержанқызына (Рәшкен) үйленеді. Сол жылы Степной совхозына шофер болып орналасады, Ынтымақта. 1970 жылы Марьевка совхозының Чапаев (Мерген) бөлімшесінде шофер болып орналасып, сонда зейнеткерлікке шыққанша істейді. Зейнетке шыққаннан кейін кәсіпкер Орал Шынтеміровтың қарамағында біраз жыл жұмыс істейді. 2008 жылы Қызылжар ауданындағы Петерфельд селосына қоңыс аударды. Содан бері отбасымен сонда тұрып жатыр.

Жақсылық пен Рабиғадан туған балалар: **Айгүл, Марина, Мұрат, Әсел.**

Айгүл 1969 ж. 19 сәуірде туған. Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университетінің әлеуметтік педагогика факультетін сырттай оқып бітірген, Омбы гуманитарлық Академиясының аспирантурасында сырттай оқиды. Биыл оның 2-нші курсы бітірді. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде (СҚМУ) арнайы әлеуметтік педагогика кафедрасында аға оқытушы. Жолдасы Шерниязов Тоқтамыс Нұртайұлы «Мұқыр – Торсан» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің директоры, егіншілікпен айналысады. Балалары: Лаура (1989 ж. 19 сәуірде туған), Торсан (1992 ж. 20 қыркүйекте туған). Лаура Қытай авиакомпаниясының Нұр-Сұлтандағы өкілі. Жолдасы Қожағұлов Әсет Аманжолұлы ҰҚК-де істейді. Балалары: Асанәлі – 6 жаста, Әмірәлі – 3 жаста.

Торсан Шерниязов (Нұртаев) – 11-класты «Дарын» мектебінде бітіргеннен кейін Омбы қаласындағы Теміржол институтына оқуға түскен. Қазір Каспи банкте менеджер болып істеп жүр.

Марина Жақсылық қызы Мусина 1972 ж. 30 мамырда туған. Петропавл медицина училищесін бітірген. Кейін Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университетінің дефектология факультетін сырттай оқып бітірді. Қазір Қызылжар аудандық ауруханасында және Петерфельд медпунктінде қызмет атқарады. Жолдасы Мусин Ертай – облыстық маслихатта электрик болып істейді, ол 1970 ж. 12-маусымда туған. Бұлардың балалары: Қанапиянов **Ермек** Ертайұлы - 1994 ж. 12 мамырда туған. Ол 9-шы класты

бітіріп СҚМУ-дың жанындағы колледжге оқуға түсіп радиотехника мамандығын алып шықты. 2014 ж. әскерде болды. 2015-2016 жылдары полицияда қызмет атқарды. 2017 жылдан бері Нұр-Сұлтан қаласында әскери бөлімде қызмет істейді.

Мусина **Айнур** Ертайқызы 1995 ж. 12 қарашада туған. 2014 ж. 11 класты бітіріп СҚМУ- физкультура факультетіне түсті. 2018 жылы оны тәмамдап, Петерфельд орта мектебіне физкультура сабағының оқытушысы болып орналасты.

Хамзин Мұрат Жақсылықұлы - 1970 жылы 4 шілдеде туған. Сергеев СПТУ-ін бітіріп, электрик мамандығын алған. Қазір Сергеев гидроэлектростанциясында электрик. Жолдасы Ботагоз Төпейқызы 1969 ж. 15 сәуірде туған. Балалары: Жәмила, Аида, Ербол.

Жәмила Мұратқызы Хамзина 1995 ж. 16 тамызда туған. 11-класты бітіргеннен кейін Қарағанды қаласында «Лингва» университетінің Қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірді. 2017 жылы диплом алып СҚМУ-інде ректордың аппаратында жұмысқа орналасты. 2018 жылғы шілде айында тұрмысқа шықты. Жолдасы Балуан ауылының жігіті Сатанов Райымбек Какімұлы. Әке-шешесі Сергеевқада турады.

Хамзина Аида Мұратқызы - 2001 ж. 15 шілдеде туған. 2018 Сергеевқадағы қазақ орта мектебін бітірді. Қазір Абылайхан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері Университетінде оқып жүр.

Жақсылық Ербол Мұратұлы 2008 ж. 27 қантарда туған, мектепте оқып жүр.

Әсел Жақсылыққызы Спаин 1977 ж. 4 желтоқсанда туған. Жолдасы Спаин Ниязбек Еркінұлы 1969 ж. 4 қазанда туған, электрик. Балалары: Дильназ Ниязбекқызы Еркін 2003 ж. 18 сәуірде туған. 10-шы класта оқиды. Динара 1999 ж. 22 тамызда туған. Петропавл медицина колледжінде оқып жүр. Елдана 2008 ж. 28 сәуірде туған, мектепте оқиды.

Жақсылық 2004 жылы 12 маусымда 60 жасқа келгенде мен оған арнап мына өлеңді шығарған едім:

ЖАҚСЫЛЫҚҚА

*Жайнаған жаздың мынау жалпағында
Маусымның оттай ыстық алқабында
Дүниеге бір нәресте келген екен
Іңгәлап елдің ашық аспанында.*

*Кезі еді сұм соғыстың қайнап тұрған
Жеңіске бері қарай бетін бұрған.
Жеңіс кеп, бір жақсылық болсыншы деп,
Жақсылық деп жас сәбидің атын қойған.*

*Өтіпті содан бері екі отыз жыл
Алпысқа келіп қапты Жақсылық дүр.
Кәбәмнің ұлдарының ең үлкені
Хамзин деп құжатында жазулы тұр.*

*Жақсылық құтты болсын мерейтойың
Денің сау, аман болсын тұла бойың
Құдайым не тілесен соны беріп,
Әрқашан орындалсын алған ойың.*

Алпыстан аттан өтіп жетпіске кел,
Жетпістен желіп өтіп, сексенге кел
Тоқсанға аялдамай өте шығып
Жүзден аса бергенде тәубаңа кел.

Қасыңда болсын әман Рәшкенің
Ағайын-туғандарға сыйлы келін.
Жұмыстан шаршап үйге келгеніңде
Шайыңды жақсы емес пе бірге ішкенің.

Ұядан ұшырдындар балаларды
Жақсыдан бұйыртты алла құдаларды.
Бәрімен тату-тәтті болғайсыңдар
Арада жүрсін жүйрік жорғалар да.

Тағыда құтты болсын алпыс жасың
Әрқашан домаласын өрге тасың.
Өзіңді басқаларға үлгі қылып
Сыйласын ауылыңның кәрі-жасы.

12.06.2004 жыл

Кәбәмнің екінші ұлы Айтмағамбет 1954 ж. 28 мамырда туған. Мектеп бітіргеннен кейін Петропавлдағы ауылшаруашылығын механикаландыру техникумын тәмамдап шықты. 1978 ж. Тимирязев ауданындағы Степной совхозында механик-контролер, 1979 ж. Дмитриев совхозында зав.МТМ, 1989-1997 жж. Дмитриевка селолық округінің әкімі. 1998-2016 жж. Ленин ауылшаруашылық колледжінде (Покровка) зам.директора по производственному обучению. 2017 жылдан бері зейнеткер. 1978 ж. 15

шілде күні **Жұмабике** Мұхамедия қызына үйленді. Жұмабике осының алдында Петропавл пединститутының математика факультетін бітірген болатын.

1979 жылғы 7 сәуір күні бұл семьяда **Азамат** дүниеге келді. Ол қазіргі Тимирязев ауданындағы Дмитриевка орта мектебін алтын медальмен бітіріп, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-не оқуға түсті. Оны тәмамдап программист мамандығын алып шықты. Еңбек жолын банк қызметінде бастады. 2004 жылы 21 тамызда Азамат Омарова Ғалия Болатқызына үйленді. Балалары: Нұргүль – 2005 жылғы 25 маусымда туған, мектеп оқушысы. Әсемгүл – 2008 ж. 31 тамызда туған, мектепте оқиды. **Нұралы**- 2018 ж. 25 сәуірде туды.

Азаматтан кейін 1981 жылғы 12 қыркүйекте **Жасұлан** туды. Ол Алматыда әскери академияны бітірді. Содан бері әскери қызметте. Стажировканы АҚШ-та өткізді. Қазір подполковник. 2007 жылғы 7 сәуірде Толқын Бақтыбайқызына үйленіп семья құрды. Балалары: 2007 жылғы 10 желтоқсанда Әйгерім туды, ол қазір мектепте оқиды. 2009 ж. 6 маусымда Айым туды, ол да мектеп оқушысы. **Әлихан** 2014 жылғы 15 шілде күні дүниеге келді. 2019 ж.сәуірде қыз туып, атын Инсуат қойыпты.

Айтмағамбет пен Жұмабикенің үшінші ұлы **Аслан** 1985 ж. 24 желтоқсан күні туған. Ол орта мектепті бітіргесін СҚМУ-ің заң факультетін бітірді. Кейін Явленка селосында ЦОН-да қызмет етті. Қазір қалада Государственный фонд социального страхования деген мекемеде қызмет істейді. 2011 ж. 23 шілдеде

Ленин (Есіл) ауданындағы Қарағай ауылының тумасы Түлкібай қызы Салтанатқа үйленді. 2012 ж. 6 ақпан күні ұлы **Мадияр** туды. Салтанат қаладағы облыстық мұрағатта (архивте) қызметте. Биылғы мамыр айында Салтанат **Мансұр** атты ұлды дүниеге әкелді.

Айтмағамбет пен Жұмабикенің кенжесі **Әлия** 1994 ж. 26 ақпанда туған. Покровка орта мектебін бітіргеннен кейін М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің география факультетіне оқуға түсіп оны 2016 ж. қызыл дипломмен тәмамдап шықты. Еңбек жолың облыстық акиматта әкімдіктің аппарат басшысының хатшысы болып бастады. Жаңа 2018-2019 оқу жылынан бастап қаладағы № 2 аралас мектепке мұғалім болып орналасты. Қазір сонда 5, 6, 7, 8, 11-нші сыныптарға географиядан сабақ беріп жүр.

Айтмағамбет інім 2004 жылғы 28 мамыр күні 50 жасқа келіп Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Покровка селосында мерейтойын өткізді. Мен оның осы тойына арнап мынадай өлең жазып оқыдым:

АЙТМАҒАМБЕТКЕ

*Ініміз жақсы көрер Айтмағамбет
Той жасап отыр бүгін елуге кеп.
Жүруші ең кеше ғана ағаш атпен
Пергілеп тал қамшымен әйт-шулеп.*

*Кәбәсі еркелетіп Әйтөк деген
Атасы өз қолымен жетелеген.
Сүйкімді жас баланы жақсы көріп,
Ағайын, бар туысы әлпештеген.*

*Бүгін ол елдің сыйлы азаматы
Ақ көңіл, кішіпейіл, қанағатшыл
Өзіндей сүйген жары Жұмабике.
Жарасқан екеуінің махаббаты.*

*Жайқалып өсіп келеді балалар да,
Азамат, Жасұлан мен Аслан да.
Кенжесі балдан тәтті Әлиюшка,
Тең келер оған бүгін жан болар ма?!*

*Ал, інішек, құтты болсын елу жасың
Әрқашан аман болсын мал мен басың!
Қуаныш, мерейтойлар бола берсін
Қасында бірге болсын жан жолдасың.*

28 мамыр 2004 жыл.

Кәбәмнің Айтмағамбеттен кейін ұлы Сайлау 1957 жылғы 10-наурызда туған. Ол 1980 жылғы 16 тамыз күні Ерменов Төлемістің Серік деген баласының қызы Розаға үйленіп отау құрды. Роза 1959 жылғы 10-ақпанда туған. Екеуінің **Жанна, Дина, Бахтияр** атты балалары бар.

Жанна Сайлауқызы Латанов Уәптің Талғат деген баласынан туған Эдуард атты немересіне тұрмысқа шыққан. Олардың балалары: Диас (3-ші класта), Әмір (биыл сүндетке отырғызылыпты)...

Дина Сайлауқызы Петропавлдағы Мағжан Жұмабаев атындағы гуманитарлық колледжде оқытушы. Оның баласы **Мирас** мектепте оқиды. Динаның күйеуі Жанболатов Азамат Табылдыұлы.

Сайлау мен Розаның ұлы **Бахтияр** Петропавлдағы кәсіптік-педагогикалық колледжді бітірген. Қазір шофер болып істеп жүр.

Кәбәмнің Сайлаудан кейінгі ұлы Бағыт 1960 ж. 17 наурызда туған. 1984 жылғы 17 наурызда **Гүлфайра** Рахмадия қызына үйленді. Бұлардың қызы **Мәдина** 1984 жылы 18 желтоқсанда туды. Бірақ Бағыт көп ұзамай кенеттен қайтыс болы. Бағыт қайтқаннан кейін Мәдина жетім болмасын деп біз Гүлфайраны Бағыттың інісі Есмағамбетке қостық. Мәдина осылардың қолында өсті. Мәдина бой жеткесін Мейрамов Ерсайынұлы Самат атты жігітке ұзаттық. Сол Мәдинаны ұзатқан тойда мен мынадай өлеңмен бата бердім екі жасқа:

**МӘДИНА
МЕН САМАТТЫҢ
ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНДА
АЙТЫЛҒАН БАТА:**

*Мәдина мен Саматқа
Жырмен бата берейін
Бар жақсылық бақытты
Екі жасқа тілейін.*

*Я, тәңірі – құдырет
Екі жасты аман ет*

*Бастарына бақыт бер
Астарына – берекет.*

*Өмірлерін ұзақ ет
Ұрпақтарын асыл ет
Өмірде бар жақсылықты
Жас отауға нәсіп ет.*

*Дастархандарына береке берсін,
Бастарына мереке берсін.
Астарына адалдық берсін
Өздеріне амандық берсін.*

*Босаға тең болсын
Пиғылдарың кең болсын
Үйлеріңнен ат кетпесін
Алдарыңнан ас кетпесін.
Үй ішіне бірлік берсін
Ұзақ ғұмыр, тірлік берсін
Кетпес байлық.
Қайтпас ырыс берсін.*

*Қөңілдерің адал болсын
Мал-бастарың аман болсын
Елімізде бейбітшілік орнап
Қуанышты, қызықты заман болсын!*

Әумин!

Бұл екеуінің балалары: Олжас – 10 жаста – 4 класта оқиды, Нұржас - 7 жаста- 1клас бітірді, Алидар – 1 жаста. Бұлар Тимирязево селосында тұрады.

Есмағамбет 1964 ж. 12 шілдеде туған. **Кәбәмнің ең кіші ұлы** болғандықтан әкесінің шаңырағына ие болып отыр. Гүлфайра екеуінің балалары: Эльмира, **Арман**. Эльмира 1986 ж. 28 мамырда туған, Ерсін Қазбеков деген агроном жігітке тұрмысқа шыққан. Нұрай, Айсұлтан атты балалары бар. Арман Есмағамбетұлы 1992 ж. 25 ақпанда туған. Мектепті бітіргеннен кейін Петропавлдағы гуманитарлық-техникалық колледжді бітірді. Сырттай Алматының ЖОО-ның тәмамдады. Биыл М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-н тәмамдап екінші дипломын алды. Қалада Ішкі істер Департаментінің бөлімінде қызметте.

Есмағамбет пен Гүлфайра Дмитриевкада тұрады. Гүлфайра Дмитриевка селолық округінің кітапханашысы, селода, ауданда қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады.

Кәбәмнің үлкен қызы Зүбира 1967 жылғы 12 мамырда туған. Жолдасы Нағашыбай Қартайұлы Иманжанов 1964 жылы 8 желтоқсанда туған. Балалары: Ботагөз – 1988 ж. 14 сәуірде туған. Аягөз – 1993 ж. 22 қантарда туды. Бақыт 1994 ж. 2 шілдеде туған. Аягөз – Алматыда мұғалім. Бақыт Петропавлдағы № 8 мектепте мұғалім.

Кәбәмнің кіші қызы Күлзира 1970 ж. 1 шілдеде туған. Жарқын ауылының жігіті Мырзатай Мұқанайұлы Байғожинге тұрмысқа шыққан. Балалары: **Дамир** – 1992 ж. 20 мамырда туған. Инеш – 1994 ж. 18 желтоқсанда туған. Нүргүл 1998 ж. Инеш 2018 ж.тұрмысқа шықты.

Найманның үшінші баласы Бексұлтанды да, оның бірінші әйелін де мен көргем жоқ, есімін де білмеймін. Одан туған **Бәтима, Мұслима** деген қыздары болды. Бәтиманың жолдасы Жансейіт деген кісі. Ол Бәтима апай мен және қыздары Мағрипа, Кұлжиянмен біздің үйлерге жиі келіп жүретін. Кейін қыздары сол өздері тұрған Преснов ауданындағы Ұзынкөл деген ауылда тұрмысқа шықты. Екеуінің де балалары бар.

Ал **Мұслима апамыз** Қызылжар қаласында жолдасымен тұрды. Жолдасының есімін білмеймін. Екеуі де қайтыс болған. Арттарында қалған жалғыз қызы Гүлбану Мұслиманың апасы **Бәтиманың** қолында тәрбиеленіп өсті. Кейін Қошанов Мақпоз деген жігітке тұрмысқа шықты. Одан туған бірнеше ұлдары мен қыздары бар. Бұлар көп жыл сол Преснов ауданында Дачное, Комсомольское деген селоларда тұрды. Олардың Қозыбай деген баласы Комсомольское сегізжылдық мектебінің директоры болып істеді. Қазір Қызылжарда. Абайы Мамлют ауданында әкімдікте қызмет істейді. Айгүл деген қызы мединститут бітірген дәрігер. Ол Қызылжарда дәрігер болып істейді.

Маққоз осыдан екі жыл бұрын қайтыс болған. Семьясы Қызылжарға көшіп келген.

Бексұлтанның екінші әйелі Кәлимадан туған Қайыржан деген ұлы бозбала кезінде қайтыс болыпты. Ол туралы онымен бірге өскен Зейнолла ағамыз айтып отырушы еді. Кәлимадан туған қыздары тұрмысқа шыққан екен. Кәлима әжеміз соңғы кезге дейін соларға барып келіп жүретін. Арасын-

да біздің үйге келіп менің әжеммен әңгімелесіп отыратын. Ол мені жақсы көретін, келген сайын бетімнен сүйіп, еркелететін. Ол кісінің бойы аласа еді. Сондықтан болса керек мен оны «кішкене әже» дейтінмін. Оның ұлы Қайыржан да ерте қайтыпты.

Бұл әжем біздің үймен ертеден жақсы қарым-қатынаста болса керек менің шешем Мағрыштың тірі кезінде. Оған дәлел Әбиіров Қабдөштің мына екі шумақ өлеңі:

*Жидектен ешкім қалмайды,
Мағрыш қана бармайды.
Кәлимаға Мұқан қу
Кер тайшаны жалдайды.*

*Асықпай оңдап терерсің
Кешікпей үйге келерсің
Екі шелек әкелсең
Біреуін бізге берерсің.*

Бұл жидек теру оқиғасы 1930 жылдардың басында, колхоздастыру кезінде болса керек. Өйткені сол тұста жұрттың артық малын, әсіресе жылқысын сыпырып алып колхозға қосқан ғой. Сондықтан жидекке жұрт сиырқарын арба жегіп жидек теруге барған көрінеді. Сол Қабдөштің өлеңінде:

*Жапада бар Иманбай,
Дүние малын жиғандай
Доғалап сиырын жегіп ап
Жидекке барады ұялмай.*

*Бастығы Өтеу болыпты
Қонаға жатып теріпті
Жол үстінде кер қашар
Айдауменен зорықты*

– деген жолдар да соны көрсетеді.

Найманның төртінші ұлы Тілеуберді (1886 ж. туған)

Әйелі Шәйкен Даниярқызы Жарқын ауылынан. Жарқындағы Зікірия, Мәлік Мұстафиндер оның туыстары. **Тілеуберді** атамызды біз «бапа» дейтінбіз. Оның үйі бізге ең жақын туыс болатын. Үйлеріміз де Сайагаштың бауырында қатар орналасқан. Тілеуберді атамыз Найманның мұрагері болып қалған сияқты. Өзі де әкесі Найман сияқты сөзге шешен, ел ішінде беделді болды. Ол үйді біздің үйлер «үлкен үй» деп атайтын. Ол өзі біздің үйдегі Сыздықтың балаларына ақылшы, қамқор болды. Мені өте жақсы көретін. Үйге келсе, мен ол үйге барсам да бетімнен сүйіп қуанып қалатын.

Оның **Бикен, Темірғали** деген қыздары болды, 2-3 ұлы туса да жастай шетінеп кетті. Үлкен қызы Бикен 1937 жылы Жалтыр ауылсоветінің председателі Смайылов Қалияқбар деген кісіге (Жаңасу ауылының тумасы) тұрмысқа шықты. Бикен апамыз келбетті, көркем, жібек мінезді, іске шебер еді. Олар Жалтырда жақсы тұрды.

Мен бала кезімде Жалтырда олардың үйінде талай рет болдым. Сонда апай да жездей де қуанып жақсы қарсы алатын. Бикен апай маған заматта көйлек тігіп кигізетін.

Кейін Қалияқбар жездемізді Кеңес ауылсоветіне председатель қылып ауыстырды. Онда тұрғандарында да бапаммен және Шәйкен әжемізбен бірге барғаным есімде. Сол ауылда тұрғанда Бикен апамыз баладан қайтыс болды.

Кейін Қалияқбар жездеміз әскерге алынып соғысқа кетті. Соғыс біткесін бапам үйіне келіп жүрді. Кейін өз елінде, Жаңасуда үйленді. Мен Городецк мектебінде директор болып тұрғанда бір жылы күзде Тасқын деген сол әйелінен туған 7 жасар қызын ертіп біздің үйге қонды. Қызы 1-класқа барады екен. Мен оған сол кездегі ақшамен тұтас 50 сом бердім. Риза болып қайтты қартая бастаған жездем.

Найманның бесінші ұлы Қарынбай – Тілеубердінің інісі. Оның Зылиқа деген әйелі, Қайранас деген ұлы болған. Бір жылы Қарынбай бір жаққа кетіп содан оралмады. Әйелі Зылиқа бұдан соң баласы Қайранаспен басқа жаққа көшіп кетеді. Бапамда (Тілеубердіде) ұл жоқ, 2-3 ұлы сәби кезінде шетінеп кеткен. Ол Қайранастың өсіп келе жатқанын естіп, әдейі барып оны Зылиқадан сұрап алады да өз бауырына салып бала қылып алады.

Қайранас енді Тілеубердин деп аталады. Бұл шамасы 1936-1937 жылдардың бірі болса керек. Бапам оны өсіріп оқытады. Қайранас 9-класты бітіргесін ветеринарний техникумда оқып веттехниктік дипломын алып шығады. 1957 жылы Мәкен Дайырқызы Мусинаға үйленді. Қайранас Дмитриевкада, Бағанатыда, Жалтырда веттехник болып қызмет істеді.

1966 жылғы 3 ақпанда бапам қайтыс болды. Бұдан соң жалғыз қалған оның бәйбишесі Шәйкенді Қайранас өзі қызмет істеп жүрген Жалтырға көшіріп алды. Бірақ өзі кенеттең қайтыс болды. Артында жұбайы Мәкен, шешесі Шәйкен, балалары: Баян (қыз), Абай, Абылай, Райхан, Райса, Райгүл қалды.

Көп ұзамай сол Жалтырда **Шәйкен әжемiз** де дүние салды. Әкем Мұқан Қайранасты да, Шәйкен шешесiн де Ынтымаққа әкелiп дөндегi ата-баба зиратына жерледi, екеуiнiң де бастарына ескерткiш тас орнаттырып, дұға оқытты.

ҚАЙРАНАСТЫҢ БАЛАЛАРЫ:

Баян – 1959 жылы 28 ақпанда туған. Кейін Чапай ауылындағы Мақатов Қоңырға (Қоңырбай) тұрмысқа шыққан. Балалары: Гүлназ, Серікбай, Сәуле. Гүлназ – 1982 ж. 25 қаңтарда туған. Садкеев Нығыметжанға тұрмысқа шыққан. Одан туған балалары: Талғат – 15те, Тимур – 9да, Ниязбек – 2де. Бұлар Түмен облысы Ишим ауданындағы Боровое селосында тұрады. Серікбай Қоңырұлы 1983 ж. 5 қазанда туған. Сәуле Қоңырқызы 1989 ж. 7 желтоқсанда туған. Пединститут бітірген, қазір сауда саласында менеджер болып істейді. Күйеуі Калинин Айтұармен Түмен қаласында тұрады.

Абай – 1960 ж. туған. Оның қыздары: Айман – 1993 ж. туған. Сауле - 1994 ж. туған.

Абылай – 1962 ж. 3 қаңтарда туған. Ветеринар-ный техникум бітірген. Оған дейін Қызылжардағы облыстық қазақ мектеп-интернатында оқыған. Әйелі Күлжан. Баласы Қуандық 1992 ж. 20 қарашада туған, әскери қызметкер.

Райхан 1965 ж. 13 шілдеде туған. Қызылжардағы № 2 мектеп-интернатында 8 клас бітірген, педучилищенің дошкольное отделениеcін бітірген. 1981 жылы Рахметов Қамит Жанбақірұлына тұрмысқа шыққан. Одан Қанат деген ұл (1983 ж. 12 наурызда туған), Алма деген қыз (1982 ж. туған). Жолдасы Қамит 1984 ж. авариядан қайтыс болған. Алма 1987 ж. қайтқан. Райхан қазір Ишим қаласында автовокзалда кассир-контролер болып істейді. **Қанат** Университетте оқып транспорт бойынша техно-

лог мамандығын алды және Теміржол институтын бітірді.

Райса – 1967 ж. 5 қазанда туған. Новосибирдің учетно-экономический институтын бітірген. Серғазин Маратқа тұрмысқа шыққан. Одан туған балалары: **Диас** (25-те), Ростов-на-Дону қаласында транспортный институтта оқып бітіріп шыққан, қазір лизинговый компанияда істейді. **Карина** (2007 ж. 23 наурызда туған), 4-ші класты бітірді. Бұлар қазір Ресейдің Түмен қаласында тұрады. **Райса** – кондитерский комбинатта бухгалтер болып істейді. Тұрмысы жақсы.

Райгүл - 1969 ж. 22 желтоқсанда туған. Түменде текстильно-суконное училищені бітірген, «Меридиан» магазинінде сатушы болып әстейді. Қызы **Камила** 1 клас оқушысы.

ҚОЙМАННАН ТАРАҒАНДАР.

Шабанның үшінші ұлы Қойман зор денелі күшті балуан кісі болыпты. Ол туралы мен 2004 жылы Алматыда шыққан «Арнаулар» атты өлеңдер жинағымда былай деп жазған едім:

*Қойманы күш атасы болған мықты
Талайды күрескенде алып жықты.
Қаншама мықтымын деп жүрген жандар
Қойманның айбарынан қорқып ықты.*

Қойманның **Сүгір, Қаби, Билал** атты үш ұлы болған. Үлкен ұлы Сүгір білікті, елге сыйлы ел ағасы болса керек. Оның бірінші әйелінен (аты бізге белгісіз) Шұғайып туған. **Шұғайып** ақылды, байсалды, бір мінезді, шаруашыл болыпты.

Сүгірдің екінші әйелі **Ырысты** Ержанқызы (Ержанов Хамзаның апасы). Ырыстыдан 1913 жылы Жүкен деген ұл, 1919 ж. Алма деген қыз туған. Шұғайып Ұлы Отан соғысына алынып, майданнан ауыр жараланып келіп, Ынтымақта қайтыс болды. Одан ұрпақ қалған жоқ.

Жүкен қолы шебер, шаруақор және сауықшыл болған. Отан Соғысына қатысып, бір иығынан жараланып елге оралды. Елге келгесін Жарқын ауылындағы Елемес деген кісінің Маржан атты қызына үйленді. Олардың балалары:

1) **Ұмсын** 1948 жылы қарашада туған. Оның жолдасы Кәсенов Кәрім деген жігіт. Екеуі қазір Дмитриевкада тұрады.

2) **Марлан** 1953 ж. туған. Жолдасы Сабира 1959 ж. туған. Бұлардың балалары: Назгүл, Бақтыгүл, **Еркебулан**. Назгүл Марланқызы Кәсенов Теменнің Дәулетхан атты баласына тұрмысқа шыққан. Олардың балалары: Жақсылық, Аққу, Әлішер.

3) **Дарияш** – 1960 ж. 29 маусымда туған. Петропавл қаласындағы медучилищені бітірген. Жолдасы Наурызбаев Серік. Балалары: **Ғұмыр** – 1986 ж. 21 тамызда туған. Петропавл теміржол коллежін бітірген. Сулы станциясында қызмет әстейді. Қызы Самал 1990 ж. 16 ақпанда туған. М.Қозыбаев атындағы СҚМУ бітірген. Ғабит Мүсірепов ауданындағы Новошим орта мектебінде мұғалім. Жолдасы Руслан 1987 ж. 11 ақпанда туған, теміржол станциясында істейді. Баласы Мәди 2015 ж. 4 маусымда туған. Қызы Мерей.

4) Жүкеннің екінші ұлы **Қанат** 1957 ж. 12 шілдеде туған. Жолдасы Шолпан Қоспанова Балуан ауылының қызы. Бұлардың балалары: **Талғат**, Әсем, Айсұлу. Талғаттың келіншегі – Жаннагүл Ержанқызы. Балалары – Ақмаржан, Нұрисләм. Ақмаржан – 4 жаста, Нұрисләм – 3 жаста.

Қанаттың қызы Әсем Петропавлдағы № 4 мектепте мұғалім, қазақ тілінен сабақ береді. Күйеуі Арман полицияда қызметте. Баласы Мирас үш жаста.

Айсұлу Қанатқызы – мектепте делопроизводитель. 1989 ж. 9 маусымда туған. Күйеуі Смағұлов Қанат – инженер. Қызы Әдия 5 жаста.

5) **Қарлығаш** (Сандуғаш) Жүкен қызы Балуан ауылының тумасы Нұрқат Наушаұлына тұрмысқа шыққан. Балалары: Бауыржан, Уәлихан.

6) **Асылтас** Жүкенқызы - жолдасы Қайыргелді Мұқановпен Алматыда тұрады. Ұлдары **Асхат** Мұқанов – Нұр-Сұлтанда тұрады. Политехникалық университет, Ригадан (Латвия) логистика магистратураны оқыды. Қазір Казаэронавигацияда жұмыс істейді. Арнұр атты баласы екі жаста.

Ырысты әжеміз 1966 жылы Ынтымақта дүниеден өтті.

Жүкен ағамыз 1978 ж. қайтыс болды.

Маржан жеңгеміз 2012 ж. қайтты.

Сүгір атамыздың қызы **Алма** 1919 ж. туған. Ол елден жырақ жерде жүрген кезде Әнуарбек Балташов деген жігітке тұрмысқа шығады. Одан Балғабек, Гүлдарика туады. **Балғабек** өсе келе ірі қызметкер болады. Көкшетау облысында облыстық ішкі істер бөлімінде бастықтың орынбасары болып істеп, полковник дәрежесіне дейін көтеріледі. Облыстық автоинспекцияның (ГАИ) бастығы болады.

Балғабектің балалары: Шамшия, Бауыржан, Бақытжан. Шамшиядан – Думан, Динара. Бауыржаннан – Жанбота. Бақытжаннан – Біржан, Айжан. Біржаннан – Айғаным.

Гүлдарикадан – Марат, Қасен, Гүлнар, Мереке, Зауреш.

Мараттан – Олжас, Гүлназ. Қасеннен – Абай, Марина. Маринадан – Данияр. Гүлнардан – Әнел. Мерекеден – Әділ. Гүлдарика қайтыс болды.

Алманың екінші күйеуі Рақымжаннан туған балалары: Дария, Қонысбек, Жанарбек.

Дариядан – Айбек, Әйгерім. Айбектен – Айғаным, Арайлым.

Әйгерімнен – Расул, Аружан, Мансұр.
Қонысбектен – Жасұлан, Ғалымжан. Жасұланнан
– Әділхан, Іңкар.
Жанарбектен – Әлия, Диана, Ғалия.
Дианадан – Жанәлі, Асанәлі.
Дария – бухгалтер.
Қонысбек – механизатор.
Жанарбек – мал дәрігері – ветеринар.
Алма апамыз 1974 ж. 55 жасында қайтыс болыпты.

ҚОЙМАННЫҢ ЕКІНШІ ҰЛЫ ҚАБИ

Қабидың үлкен ұлы **Қажынәсіп** 1905 ж. туған. Шешесі ерте қайтқан. Өзі Сүгірдің бауырында болып, фамилиясы Сүгіров деп жазған. Содан оның ұрпақтары да Сүгіров болып аталған. Баласы Ұлан да – Сүгіров.

Қабидың екінші әйелі Балуан ауылындағы Жақанов Қиналғанның апасы **Мәптуқа**. Одан Зейнолла 1923 жылы туған.

Қаби серілеу, сауықшыл кісі екен.

Қажынәсіп 1938 ж. Сағынай Төкенқызына үйленген. **Сағынай** 1920 ж. туған. Сағынайдың шешесі Сақып.

Қажынәсіп педтехникум бітірген, мамандығы мұғалім. Көп жыл ауылнай, мұғалім, мектеп директоры болған. Қызылжарда совпартшколаны бітірген. 1932-1933 жылдары Степняк алтын руднигінде шахтерлер дайындайтын училищеде мұғалім болып сабақ береді. Сол жерге елде аш отырған ағалы-інілерін шешесі Ырыстыны, қарындасы Алманы көшіріп алады. 1934 жылы бүкіл отбасымен Макин-ка станциясына көшіп барады. Сонда жұмысшылар комитетінің председателі болып істейді.

1935 жылы Ақмола облысының Еркіншілік ауданындағы Қыстауқарағай ауылдық советінің председателі болып сайланады.

1936-1937 жылдары Көкшетау қаласында екі жылдық мұғалімдер даярлайтын курста оқып, қазақ

тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы мамандығын алып шығады.

1938 - жылы Қызылжарға барып, Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің жолдамасымен Приишим ауданындағы Октябрь орта мектебіне қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы болып орналасты. Мұның алдында ол 18 жастағы Сағынай Төкенқызымен көңіл қосып үйленген болатын.

Бұрын 5 клас бітірген келіншегін де ол осы мектепте оқытып, 7 клас бітіртті. Сол 1938 жылы Қарағанды мұғалімдер институтына сырттай оқуға түсті. 1940 жылы облыстық оқу бөлімі (қазіргі Мамлют ауданына қарасты) Бостандық орталау мектебіне директор етіп жіберді.

Осы ауылда сол 1940 жылдың 5 қазан күні **Ұлан** есімді баласы дүниеге келді. Осы мектепте абыройлы қызмет істеп жүрген кезінде 1941 жылғы 22 маусымда Отан соғысы басталып кетті. Сол жылдың 15 желтоқсанында әскерге алынды. Соғыста ауыр жараланып 1942 жылдың 18 қыркүйек күні Челябинск қаласында госпитальда қайтыс болды. Сол қалада жерленген.

Қажынәсіп соғысқа кеткеннен кейін оның отбасы: інілері Жүкен, Зейнолла, шешесі Ырысты, жұбайы **Сағынай** және бір жастан асқан ұлы Ұлан, Ынтымаққа көшіп келді. Ағасы Шұғайып та әскерге алынған болатын.

Ынтымаққа көшіп келгенде **Ұлан** жаңа ғана аяғын басып жүрген әлі тілі шыға қоймаған өте сүйкімді бүлдіршін еді. Ауылдағы туыстар оны жақсы көрді. Әлі есімде: бір күні мен (ол кезде 2-ші клас оқушысы) олардың үйіне барсам, ол сәкінің үстінде аяғын

тәй-тәй басып жүр екен, кісіден жатырқамайды. Мен оны кішкентай одеялына орап алып, өзіміздің үйге әкелдім. Әжем қуанып баланың бетінен сүйіп, бауырына басты.

Кейін Ұлан мен Хрущев мектебінде завуч болып тұрғанда сол мектепте оқыды. Марьевка орта мектебінде 10-шы класты бітіргесін бір жыл тракторист болып істеді де, келесі жылы Омбы ауылшаруашылық институтының механика факультетіне оқуға түсті. Институтты бітіріп инженер-механик мамандығын алып шықты. Көп жыл Тимирязев ауданындағы Ленин, Москворецкий совхоздарында директор, бас инженер болып істеді. Кейін Москворецкий совхозының директоры болып абыройлы қызмет атқарды.

Кеңес үкіметі құлап, совхоздар тарағасын Дмитриевка мен Ынтымақ ауылының жерінде шаруа қожалығын басқарды. Ол басқарған кезде шаруа қожалығы жыл сайын егіннен мол өнім алып тұрды.

Ұлан 1967 жылы Преснов ауданындағы Киров ауылындағы сегізжылдық мектептің мұғалімі Жақин Кәрімнің қызы **Сабираға** үйленді. Екеуі **Лена, Изольда** атты қыздарын тәрбиелеп өсірді.

Ұланның үлкен қызы **Лена** Целиноград медицинский институтын тәмамдап дәрігер мамандығына ие болды. Көп жыл Қызылжар қаласындағы әскери институтта дәрігерлік қызмет атқарды. Осында медицина қызметінің подполковник атағын алды. Шыңғыс, Лейли, Алан есімді балалары бар. Үлкені **Шыңғыс** үйленіп өз отбасын құрды, екі баласы бар.

Изольда Бақыт атты жігітке тұрмысқа шыққан. Батырхан, Сабина атты балалары бар.

Батырхан қазір Атырауда геодезия саласында қызметте.

Сабина Омбы қаласында туризм институтын бітірді биыл.

Сабира 1994 жылы жүрек ауруынан қайтыс болды. Кейін, 1996 жылы Ұлан **Әлхаятқа** үйленді.

Ұлан соңғы жылдары денсаулығына байланысты шаруа қожалығындағы жұмысын тастады. Алайда білімді де білікті тәжірибелі инженер жай қарап отыра алмады. Қазір ол бұрынғы № 60 мехколоннада бидай себетін сеялканың жаңа тиімді моделін жасаумен айналысып жүр.

2010 жылы қазан айында Ұлан 70-ке келгенде мен оған арнап мына өлеңді шығарған едім:

ЖЕТПІС ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ҰЛАНЖАН!

*Бүгін, міне, болып жатыр мерейтой
Мерейтойда болуда бір қызық қой.
Жетпіс жасқа келіп қапты Ұланжан
Мұның өзі оңай жұмыс емес қой.*

*Уақыттың зымырауын қарашы
Кеше ғана елдің ерке баласы
Бүгін, міне, жетпіс жасқа келінті
Кәдімгідей болып елдің ағасы.*

*Бұл жасқа ол оңайлықпен келмеді
Бұған дейін нелер жұмыс көрмеді
Тракторист боп жер де жыртты ауылда
Директор боп совхозды да биледі.*

*Облыста ірі қызмет атқарды
Инженерлер қауымын да басқарды.
Тәжірибелі маманы боп өңірдің
Үйретуден бір танбады жастарды.*

*Жасы келіп шықсадағы зейнетке
Безбеді ол шаруашылық бейнеттен.
Егін егін, одан алып мол өнім
Көрсетті ол нәтижесін еңбектің.*

*Бұл күндері ол белгілі ардагер.
Еңбегімен көзге түскен нағыз ер.
Сол еңбектің арқасында әрдайым
Көп сыйлыққа ие болған жүлдегер.*

*Ол үлгілі отбасының басшысы
Қасында отыр Әлхаяттай қосшысы
Балалры жеке-жекей үй болып
Немерелер аталайды боп кіші.*

*Жетпіс жасың құтты болсын, Ұланжан!
Жасың ассын сексенменен тоқсаннан.
Әлхаятпен қол ұстасып жұп жазбай
Жақсы отбасы болыңыздар сыйласқан.*

*Жетпіс деген сенің үшін көп емес
Сенің өмір жолыңдағы бір белес
Денсаулықтың арқасында әліде
Өткізе бер біл белестен бір белес.*

*Ұмытпа деп ертеде өткен атаңды
Қабыл ал деп осы өлеңмен батамды
Иығына шын көңілмен жабамын
Ырым қылып бұл қазақы шапанды.*

9.10.2010 жыл

Қабидың Қажынәсіптен кейінгі екінші баласы Зейнолла Қабиев 1923 жылы жаз жайлауда туыпты. Әкесі Қаби мен шешесі Мәптуқа қайтыс болғаннан кейін әкесі Қабидың ағасы Сүгірдің әйелі Ырысты Ержанқызының баурында тәрбиеленіп өседі. Зейнолла әуелі Ынтымақта 1-ші класты бітіреді. Кейін ағасы Қажынәсіп 1932 аштық жылы бүкіл Сүгір-втар мен Қабиевтерді Степнякка көшіріп алғаннан кейін соның қолында Степнякта, Макинкада 4 класты бітіреді. Бұдан соң Октябрь орта мектебінде

5-6 кластарды, Бостандық мектебінде 7-інші класты тәмамдайды. 7-кластан кейін сол Бостандық ауылының тумасы Мағазов Қилаж екеуі Қызылжар қаласындағы землеустроительный техникумына оқуға түседі. Онда 2 ай оқығаннан кейін соғыстың ылаңынан бұлар оқуды тастап елге қайтады.

Қажынәсіп әскерге алынғасын Зейнолла басқа семья мүшелерімен бірге Ынтымаққа көшіп келді. Содан 1948-жылға дейін «13 жылдық» колхозында әртүрлі жұмыс істеді. Жұмысты жақсы істегені үшін бірнеше рет әртүрлі сыйлықтар алған.

1946 жылы ағайын-туыстарының ризашылығымен Зейнолла жеңгесі **Сағынайға** үйленіп, екеуі жеке отбасын құрады.

Зейнолла ағамыз 1948-1959 жылдары Дмитриевка жетіжылдық мектебінде қазақ тілінен және математикадан сабақ береді. 1948 жылы Петропавл педучилищесіне сырттай оқуға түсіп, оны 1951 жылы бітіріп, бастауыш мектеп мұғалімі деген лауазымға ие болады. 1961 жылы қайтадан Ынтымаққа көшіп келіп, сондағы бастауыш мектептің меңгерушісі болып орналасады. Осы қызметте 1980 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін істейді. Ол кезде мектеп жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Зекен зейнеткерлікке шыққан соң да жай отырған жоқ. Сол кездегі Дмитриевка совхозының директоры А.С.Пикула оны Ынтымақ бөлімшесінің завхозы етіп тағайындады. Бұл қызметті ол 13 жыл бойы атқарды, 1999 жылға дейін.

1961-1999 жылдары Зекен қоғамдық негізде осы бөлімшесінің партия ұйымын да басқарды. Оның еңбегі жоғары бағаланып, «За доблестный труд в

1941-1945 годах», «За доблестный труд. В ознаменование 100-летия В.И.Ленина», «30 лет Победы», «40 лет Победы», «50 лет Победы», «60 лет Победы» медальдарымен марапатталды. Тимирязев аудандық «Құрмет кітабына» аты жазылды.

1983 жылы Зейнолла ағамыз 60 жасқа толғанда мен оны құттықтап мынадай арнау өлең жазған едім:

ЗЕЙНОЛЛА АҒАЙҒА

*Уақыт зымырайды бір тоқтамай
Алпысқа келіп қапты Зейнолла ағай.
Жас еді балбыраған кеше ғана
Ал бүгін – ел ағасы – уақыт қалай!*

*Алпыстан асып барады Зейнолла ағай
Ағарған қырауланып екі самай,
Сонда да білек мықты, жүрек ширақ
Бой бермес мықтыларға әлі талай!*

*Алпыстан асқанменен ойы жүйрік
Қылаң бел, бозбаладай бойы сүйрік.
Қосылып Сағынаймен ән салғанда
Ере алмас екеуіне талай жүйрік.*

*Ал, ағай, құтты болсын алпыс жасың
Әрдайым аман болсын мал мен басың
Немере, шөберенің қызығын көр
Қасыңда жеңгеміз бірге болсын.*

*Алпыстан аттап өтіп жүз барыңыз
Қасыңда бірге болсын қосағыңыз
Шабанның ең үлкені – ақсақал деп
Қол ұстап, сәлем беру – қосарымыз.*

*Тағыда құтты болсын мерекеңіз
Әрқашан арта берсін берекеңіз.
Аталап бар көңілмен сыйлап жүрсін
Немере, әм болашақ шөбереңіз.*

Сағынай жеңгеміз 1942-1945 жылдары ауылдағы Ынтымақ бастауыш мектебінде мұғалім болып қызмет атқарды. Мұғалімдік білімі болмаса да өте ақылды, білікті мұғалім болып балаларға жақсы білім, тәлім-тәрбие берді. 1941-1942 оқу жылы мен 4-класта осы жеңгемнен оқыдым. Бұл туралы 1990 жылы оған арнап «Сағынай жеңгеме» деген өлең жазған едім. Сол өлеңімді келтірейін:

САҒЫНАЙ ЖЕҢГЕМЕ

*Есімде – менің онда бала кезім –
Аққұба, толықсыған жеңгем едің.
Соғыстың қайнап тұрған сол шағында
Ауылда саған кімдер тең кеп еді.*

*Мектепте бала оқыттың мұғалім боп
Арнайы болсадағы білімің жоқ.
Бұлжытпай айтқаныңды орындаушы ек
Сол кезде біз өзіңнің шәкіртің боп.*

Қызындай ұстаушы еді енелері
Сыйлаушы еді анасы деп немеренің
Қайыната, қайнағалар мақтанатын
Көбінен артық қой деп біздің келін.

Сыйлы едің абысындар арасында
Бізді де жақсы көрдің баласынбай
Бір жылы сөзіңді естіп мәз болушы ек
Төбеміз көкке жетіп қалатындай.

Өтіпті содан бері жарты ғасыр
Жеңгемнің ағарыпты қара шашы.
Баяғы толықсыған бойы да жоқ
Шөкімдей сүйегі бар алтын-асыл.

Бұл күнде әже болды немереге
Жуырда ие болды шөбереге
Сонда да құлағына жақпайды екен
Біреуі байқамай қап «әже» десе.

«Көшек-ай», «әже» деген несі» - дейді
Әлде де кәрілікке беріспейді
Кәрілік қай жағынан келседағы
Онымен ымыраға келіспейді.

Бұйығып отырмайды кәрімін деп,
Жас жетті енді кімге дәрімін деп.
Әзілі әлі күнге жарасады
Кәрі-жас, құда-жекжат бәріменде.

Әлі де көңілі түссе жортып кетеді
Қызылжар, Ақмолаға жортып жетеді

*Отырса бүгін үйде, ертеңіне –
Кавказға самолетпен ұшып кетеді.*

*Күтеді үйде отырса немересін
Әлдидеп уілдетеді шөбересін.
Тілеймін жеңгеміздің жасай тұрып
Көргенін тірлігінде неменесін.*

*Келеді кәрілікке бермей ырай
Бетінде әлі күнге қызыл шырай.
Ойын-той, шілделікте әнге салса,
Дауысы сыңғырлап тұр баяғыдай.*

*Қолынан жасап берген дәмі қандай
Бір татсаң естен кетпес шекер-балдай.
Айтатын әңгімесі одан да артық
Тыңдайсың сөйлеп тұрған ғалым жандай.*

*Жетпіске келіп қапты бүгін жеңгем
Сонда да ауыз бармайды кемпір деуге.
Жетпісте қайта түлеп жасарыпты
Ешкімде ұқсата алмас кемпірлерге.*

*Жетпіс аз жеңгемізге – жүз жасасын.
Қуаныш көңілімен жүзден ассын.
Осындай жеңге кімде бар екен деп
Біздер де мақтанайық. Көңіл тассын.*

*Келсе де жүзге жасы, көңілі жас
Мәңгілік бола берсін өмірі наз.
Қуантып бәрімізді жүре берсін
Жарқылдап арамызда бір асыл тас.*

Жеңгейдің қасында отыр ағамызда
Мақтасақ жеңгейді оған жағамызда.
Тілесек қосағынмен қоса ағар деп
Біз, сірә, түсірмеспіз бағаңызды.

Жүріңдер екеуіңізде жүзден асып
Сол кезде баяғыдай қолтықтасып
Дәм-тұзы тойларыңның сол шақтағы
Болсыншы бәрімізге адал нәсіп.

Ұқсаса жеңгемізге келіндері
Алды боп келіндердің еліндегі
Қиылып үлкендерің сыйлап тұрса
Отырған Шабан ата жеріндегі.

Жеңгейдей қол-аяғы жеңіл болса,
Жайдары мінезіне көңіл толса
Әрдайым дастарханда береке боп
Ұялмай үйлеріне қонақ қонса.

Еңбегі жеңгеміздің ақталар еді
Дәстүрі оның бізде сақталар еді
Білмеймін келдіме әлде келмедіме
Жеңгемді бүгін мен бір мақтамақ ем.

Тең келмес жеңгемізге ешбір пенде
Зырылдап зымыраған жұмыр жерде,
Сондықтан құанышпен құттықтаймыз
Ардақты анамыздай, асыл жеңге!

21.10.1990 жыл.

Сағынай жеңгеміз ел ішінде басқаларға үлгі боларлық парасатты, өнегелі болды. Бәрімізге ақылшы, үлкенді сыйлап, кішіні бауырына тартатын қасиетті жан еді. Өте еңбекқор және халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жақсы білетін. Ауылда болып жататын ойын-тойларда жастарға дұрыс бағыт – бағдар беріп, ақылын айтудан жалықпайтын.

Зейнолла ағамыз бен Сағынай жеңгеміз **Гүлсім, Болат, Мәрияш, Марат** атты балаларын тәрбиелеп өсірді.

Гүлсім (Катя) жолдасы Сергей екеуі Лена, Галина, Руслан атты балаларымен Ставрополь өлкесінде тұрады.

Болат Ынтымақтағы Жақсыбаев Серікбайдың Әлия атты қызына үйленіп отау құрды. Олардың балалары: **Асхат**, Әсел, Әсия. Болат 2000 жылы автоавариядан қайтыс болды. Ұлы Асхат Алматыдағы жерлесіміз генерал-лейтенант Абай Тасболатов басқарған әскери Академияны бітіріп офицер болып шықты. Содан әр жерде әскери офицерлік қызмет атқарды. Кейін үйленді. Айсана, Карина деген қыздары бар.

Әсел Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Шет тілдер» мамандығын тәмамдады. Педколледжде ағылшын тілінен сабақ берді. Бейбіт Тауменовке тұрмысқа шықты. Балалары: Әлинұр, Айлана.

Әсия – Университеттің «Банковское дело» мамандығы дипломын алды. Жолдасы Фарид. Баласы – Ләйсаң.

Мәрияш 1959 ж. 18 наурызда «Ынтымақта» туған. Тимирязев ауданындағы Степной орта мектебін бітіріп, Алматының медициналық институтына оқуға түсті. Еңбек жолын Тимирязев аудандық ауруханасында дәрігерліктен бастады. Онда 6 жыл қызмет атқарды. 1988 жылы Волгоград мединституты жанындағы клиникалық ординатураға балалар стоматологиясы бойынша оқуға түсті. Оны тәмамдағасын 1990 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан облыстық балалар стоматологиялық емханасында дәрігер-хирург болып еңбек етуде.

Мәрияш өз мамандығы бойынша жоғары біліктілік санатына ие. Өзін жақсы теориялық және тәжірибелік дайындығы бар дәрігер ретінде көрсете білді. Ол жас самандардың тәлімгері, қызметтегі әріптестерінің құрметіне бөленген маман. Мәрияш Зейноллақызы Қабиева Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің, облыстық денсаулық сақтау Департаментінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған.

Мәрияштың денсаулықсақтау саласындағы көп жылғы ерен еңбегі бағаланып, - ол Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулықсақтау саласының үздігі» медалімен және стоматологиялық-гигиеналық қызметінің үздігі» медалімен марапатталды. Ол 2017 жылдан бері зейнеткер болса да өзінің сүйікті қызметін әлі де адал атқаруда.

Зекең мен Сағынай жеңгеміздің екінші ұлы Мәрат 1962 ж.туған. Ол 1984 жылы Петропавл пе-

дучилищесінің түлегі Зәуреш Берікқызына үйленді. Зәуреш бірнеше жыл ауылдағы бастауыш мектепте бұғалім болды. Марат – тәжірибелі шофер. Бұлардың балалары: **Ойрат, Динара, Шұғайып.**

Ойрат шаруақожалығымен айналысты. Ол үйленген. Балалары: Мерей – 2-ші класта оқиды, Данияр деген ұлы бар.

Динара СКМУ-нің түлегі, «Шет тіл маманы» дипломын алған. Қазір Атырауда тұрады. Атабаев Руслан, Тараз тумасына тұрмысқа шыққан. Әмина, Афина атты балалары бар.

Шұғайып Петропавл медициналық училищесін бітірген. Бірақ бұл мамандықты ұнатпай, басқа қызмет атқарып жүр.

Сағынай жеңгеміз 1991 ж. 5-ші мамыр күні қайтыс болды. Бүкіл ауыл қайғырды. Қимастықтан қайтпас сапарға шығарып салдық.

Мен бір күні оның фотосуретіне қарап отырып, еске алып мынадай бір шумақ өлең жаздым:

Асыл жеңгем, дана жеңгем Сағынай
Сен де өттің – ау бұл дүниеден, апырай.
Еске аламыз, сағынамыз өзінді
Біздерге айтқан талай ақыл сөзінді, - деп.

Зейнолла ағамыз зайыбы Сағынай жеңгеміз қайтқаннан кейін Сергеевка қаласына көшіп барып, сонда баласы Маратпен, келіні Зәурешпен, немерелері Ойрат, Динара, Шұғайыппен бірге тұрды.

Зейнолла ағамыз 2016 жылы 6-ншы тамызда 93жасында дүние салды. Жатқан жері жайлы, топы-

рағы торқа болсын. Жақсы көретін ағамыз Шабан әулетінің соңғы үлкені еді. Ұрпақтары аман болсын. Марат семьясымен сол Сергеевқадағы үйінде тұрып жатыр.

Қойманның үшінші ұлы Билал Қойманов – 1886 ж. туған, ірі денелі келбетті кісі еді. Ол жасында молладан оқып арабша хат таныған. Араб әрпімен жазылып басылған Құранды және әртүрлі қиссаларды көп оқыған көрінеді.

Молдалығы да бар болатын. Біз оны молдаға дейтінбіз. Кейде замандастарының арасында сол қиссаларды жатқа айтып отырушы еді. Бала кезінде мен де кейбіреулерін тыңдаған едім. Солардан мына екі жол есімде қалыпты:

*Аспанда қыз аяғы зырылдайды
Дариға басы айналып зар жылайды.*

Билал атамыздың Шоқан (Қойжан қызы) деген бәйбишесі ұзын бойлы көркем кісі еді. Өзі таза, шебер болды. Олардың балалары: **Сейту (Сейтқали) – 1929 ж. туған. Күлзағи , Күлжамал.**

Сейту соғыс жылдары ФЗУ-ға алынып Қарағандыда шахтада біраз жұмыс істеп, елге оралып колхозда істеді. Ол екі рет үйленді. Соңғы әйелінен Ғалия, Қаршыға деген екі қыз және Еркін деген ұл туды. Бірақ Сейту соңғы жылдары маскүнем болып жұмыс істемеді, балалары көп қиыншылық көрді. Өзі қайтыс болды. Ұлы Еркін Дмитриевқада тұрады.

Күлзағи Сұлтанов Қазтайға 1954 жылы тұрмысқа шыққан. Көп жыл Ақбалықта тұрды. Балалары: Садық, т.б. қыздары болған. Бертін Күлзағи қайтыс болды.

Күлжамал Жалтыр ауылының жігіті Жұнысов Қыдыралыға тұрмысқа шықты. Жылкелді атты ұлы және екі қыздары болды.

Күлжамал да, кейінірек жолдасы Қыдыралы да қайтты. Жылкелді қазір Қызылжарда тұрады мектепте еңбек пәнінен сабақ береді. Семьясы бар.

Билал атамыз колхозда әртүрлі жұмыс істеді. Бір жылдары ұстаханада Жарылғап (Егізбаев) ұстаның көмекшісі болып істегені есімде қалыпты. Бәйбішесі қайтыс болғаннан кейін ол екінші рет Зүбира деген әйелге үйленді. Одан – 1946 жылы 12 сәуірде Сейітбаттал деген ұл көрді. Оны ылғи өзімен бірге алып жүретін, жақсы көретін. Шешесі Зүбира ерте қайтыс болды. Билал атамызды біз молдаға дейтінбіз. Ол 1962 жылы қайтыс болды.

Сейітбаттал әкесі сияқты зор денелі келбетті жігіт болып өсті. Кейін Жұсыпов Есімсейіттің қызы Айжанға үйленді. Балалары: Анар, Жанар, Ғалия, Динара атты қыздар және Асқар деген ұл.

Анар – Жұмағалиев Рашиттің Амангелді деген баласына тұрмысқа шықты.

Жанар – Кәсенов Теменнің Рамазан атты баласына тұрмысқа шықты.

Асқар Қожахметов Бағыттың Бибігүл деген қызына үйленді.

Сейітбаттал бастауыш мектепті бітірді. Колхозда әртүрлі жұмыс істеді. Өзінің белсенділігімен, алғырлығымен көзге түсті. Бірнеше жыл ауылда управляющий болды. Бұл жұмысты да жақсы атқарды.

Сейітбаттал соңғы жылдары көп ауырып жүрді. Ақыры қайтыс болды. Одан кейін Айжан да қайтты.

*Осылай Кенжетайдан бері қарай
Тараттым аталарды мен бірталай.
Әулетін Байсерке мен Шабан ата
Білсін деп кейінгілер бұдан былай.*

*Жас ұрпақ бірін-бірі білгені жөн
Туыс боп тату-тәтті жүргені жөн.
Кешіріп кекшіл болмай ұсақ іске
Құаныш пен қайғыны бөлгені жөн.*

*Осымен тәмамдалды бұл шежіре
Толығар бұл шежіре жүре-жүре.
Келешек жеткіншектер жалғастырап
Кіріссе мұндай іске білек түре.*

II - бөлім

Атамекен. Туған жер.

Туған жер әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп қаз басқан қасиетті мекен, тағалай жанның өмір бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен ат салысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Нұрсұлтан Назарбаев

*Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер,
Жастық – алтын қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.*

Мағжан Жұмабаев

*Туған ел ыстық болдың мұнша неге
Білмеймін, осылай ма әр пендеге.
Ойымнан жатсам – тұрсам бір кетпейсің
Көңіліме қағыласың болып шеге.*

Сегіз сері Шақшақов

*Айналайын Атамекен, құт мекен,
Қандай адам іздеп сені тапты екен
Айналайын Атамекен, құт мекен,
Туған өлке тәтті екен, тәтті екен.*

Мұқағали Мақатаев

*Туған жер-ай, күнім де, дінім де сен
Тағдыр сендей сүйесе, сүрінбес ем.
Керегі жоқ басқа атақ, басқа абырой
Жетіп жатыр тек өзің ұлым десең!*

Қадыр Мырзалиев

*Беу, туған жер! Пәктігіңді сезініп
Тайсалмаймын сан қатерге кезігіп.
Жалықпаймын ардақтауға өзіңді
Жазатайым кеткенімше көз іліп.*

Кәкімбек Салықов.

Қазақстанның 1998 жылы шыққан «Ұлттық энциклопедиясының» I-ші томында бұрыңғы ауыл былай сипаталады:

«Ауыл көрінісіне тән нәрсе: шұрқыраған жылқы, боздаған бота, маңыраған қой, мөңіреген сиыр, желіде тізілген құлын, көгенделген қозы-лақ, асыр салған құлын-тай. Әрбір ауыл көшпелі мектеп, жолдамалы молла ұстаған. Кілем, алаша, басқұр, шекпен, т.б.тоқыған. Үй ішілік, зергерлік, ұсталық ететін. Қолөнер шеберлері болған. Ауыл ән мен күйдің, өлең мен жырдың, ақындар айтысы мен шешендер сайысының орталығы болып ұлттық дәстүрдің тоғысқан жері, халық өнерінің нағыз бастауы болды». («Қазақстан Ұлттық энциклопедия». Том I. Алматы, 1998 ж., 550 бет).

Кеңес үкіметінің колхоздастыру саясаты нығая бастаған кезде ауылға көңіл бөліне бастады. Сол тұста қазақтың көркем сөзінің шебері, әйгілі ақын – жазушы Бейімбет Майлин ауыл туралы «Гүлденсе

ауыл, гүлденеміз бәріміз» деген өлең жариялап қоғамдық үлкен мәселе көтерген еді.

*Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз,
Ауыл дене, біз қозғатар жанымыз.
Кел еңбекші қол ұстасып бір туға
Жиналайық қалмай жасы, кәріміз!*

Шынында да ауыл гүлденбей, ауыл мәдениеті жетілмей тұрып өркениетке жетті деу орынсыз құр даурықпа ғой. Ал ауылды көркейту үшін ақын айтқандай бүкіл қоғам жиналып, қол ұстасып еңбектену керек. Туған жерін, туған ауылын сүйген әр адам оны көркейтуге бар күш-жігерін жұмсауы тиіс.

Менің де туған жеріме, еліме, оның көркем табиғатына, сол жерде өсіп-өрбіген жерлестеріме деген сүйіспеншілігім, сағынышым ерекше. Көбінесе сырт жерде жүргендіктен ұзақ уақыт ауылды, туған жерді көрмесем көңілім ортайып, бірдеңе жетіспей тұрғандай әсер пайда болады.

Ал жол түсіп туған жерге сапар шескем, оған жақындаған сайын көңілім толқып, бойымда ерекше сергектік, көңілде қуаныш пайда болады. Сонда көзіме туған жердің әсем суреттері оралады.

Менің туған жерім қазіргі Тимирязев ауданындағы Ынтымақ деген ауыл, ол осы ауданның ең көрікті де шұрайлы жері. Бұдан 250-дей жыл бұрын біздің бесінші атамыз Шабан Ақботаұлы деген кісі осы жерге алғаш қоныстанған екен. Бұл қоңыстың ең алдымен көзге түсетін көріктісі ауылдың қңтүстігін түгел қоршап тұрған көк желекту ақ қайыны,

оқтай түзу міуелі терегі, жібектей желкілдеген тал мен шілігі аралас қалын орман болатын.

Аталарымыз оның атын Сайағаш деп қойыпты. Ол ауылға қыста пана, жазда сая болатын. Бұдан 80 жылдай бұрын біздің бала кезімізде бұл орманның қалыңдығы сондай, арасынан ит тұмсығы өтпейтін, салт атты түгіл жаяу кісінің өзі әрең өтетіндей еді.

Мұнда аталған ағаштардан басқа кәдуілгі қызыл шие, ешкі бүлдірген, итмұрындық (шиповник) сияқты жемістер өсетін. Ал қойнаулары мен ашық аландарында жидек пен жуа тұнып тұратын. Шығыстан оңтүстік батысқа қарай екі жарым – үш шақырымдай жерді алып жатқан бұл қалың орманның ішінде жаз бойы суы тарылмайтын үш бірдей томарлы алаңы болатын.

Жазғытұрым қар кетісімен көлбақаның бақылдағаны, үйректердің барқылдағаны естілетін. Ағаш арасынан көкектің, қарғаның, сауысқанның, тағы басқа құстардың неше түрлі әуендері қосылып, әсем әнге айналатын. Жаз шығып күн жылына бастағанда біз – ауыл балалары әлгі томарларға барып суға шомылатынбыз. Сол томарлардың суы бізге осы күнгі бассейіннен кем емес көрінетін.

Қыс айларында орман іші қарға толатын. Онда әсіресе жаңа ұлпа қар жауғаннан кейін қоянның, түлкінің, ақ тышқанның іздері қаптап жататын. Жазда ауылдың көшелерінде жасыл көк шөп бейне бір жасыл кілемдей құлпырып тұратын.

Әйгілі ақын Қадыр Мырзалиев «Атамекен» атты өлеңінде:

*Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем
Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем.
Айдарымнан сипап өткен самалды
Қазағымның алақаны деп білем!» -*

деп жазғандай, біздер де бала кезімізде сол көк кілемнің (көк шөптің) үстінде әңгіме – дүкен құрып отырған қариялардың маңында көк шөпке аунап, асыр сап ойнап, мәз-мәйрам болатынбыз.

Ол кезде ауылда қазіргідей көп машина жоқ, сондықтан көшеде шаң болмайтын, ауа таза болатын еді. Қайран сол ұмытылмас балалық шақ!

Балалық шақ туралы қар ақын Әбділда Тәжібаев былай деген екен:

*Келмейтін қайта оралып
Көрінген түстей балалық
Көңілде қапты-ау сәулесі
Қызуы тарап жоғалып.*

Ал ауыл туралы, туған жер туралы көптеген ақындар ауылға деген махаббатын, сағынышын білдіріп жазған ғой. Мысалы, ақын Жәбрәйіл Бейсенов:

*«Кіндігімнің жас қаны
Тамған жерім – ауылым
Шабытымның асқары
Самғаушы еді ауылым.
Жастығымның куәсі
Шұрқыраған ауылым.
Жұсаны мен жуасы,
Бұрқыраған ауылым,» - десе,*

ақиық ақын Кәкімбек Салықов:

*«Жанға жылы нұр еккен
Жолға шырақ жаққан жер
Үнің шығып «шыр» еткен
Анаң сені тапқан жер.*

*Оған еш жер жетпейді.
Ол киелі арман жер.
Көкейіңнен кетпейді
Кіндік қаның тамған жер»* - деп тебіренді.

Қазақта «елу жылда ел жаңа» деген сөз бар. Соңғы 40-50 жылда ауылда көп өзгеріс болды. Тек өзгеріс әр ауылда әртүрлі болды. Бұрынғы үлкен ауылдарда ілгері басқан жақсы өзгеріс болса, шағын ауылдарда керісінше ауылды кейін шегерген нашар өзгеріс болды. Мысалы, менің туған ауылым Ынтымақты алайық. 1941 жылы басталған сұрапыл соғыстың алдында ауылда 80-90 үй болған еді. Соғыс басталысымен ауылдың 80-90 ер азаматы майданға аттанды, соның 43-і елге оралмады. Бірсыпырасы әртүрлі жарақат алып оралды.

Соғыс кезінде, одан кейінгі бірнеше жылдарда да ауылдың тұрмыс-тіршілігі өте қиын жағдайда болды. Колхоздарды ірілендіру кезінде ауыл совхоздың бір бөлімшесі болып қалды. 90-ншы жылдардың басында, приватизация (жекешелендіру) кезінде ауыл тұрмысы бұрынғыдан да төмен құлдырады. Жұмыссыздық белең алды. Ауылдың бірқатар азаматтары басқа жаққа көшіп кетті. Жастар болмағасын бала саны азайды. Бастауыш мектеп жабылды.

Бұдан соң тағы біраз отбасы мектебі бар жерлерге балаларыноқыту үшін көшіп кетті. Сөйтіп, қазір ауылда 15 шақты үй ғана қалды. Оларда негізінен кәрі-құртандар тұрады. Олар тек азын-аулақ малымен ғана күн көруде. Ал соңғы кезде мал ұстау да қиындап кетті. Өйткені тұрғындар малдарына өздері шөп дайындай алмайды, ал сатып алуға өте қымбат. Отын, көмір сатып алу да қымбатқа түседі.

Ауылдың бұрыңғы тамаша табиғаты да өзгерді. Баяғыдан келе жатқан қалың орман Сайағаш әбден селдіреген. Бір кезде ұлы Мағжан «Батыр Баян» поэмасында:

*«Бауырында Бұрабайдың қалың ағаш,
Ертеде жел өтпейтін Қызыл ағаш,
Дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш!» -*

деп жазған еді. Сол сияқты жағдай біздің ауылы-дң көркі болған Сайағашқа да келіпті. Жалғыз бұл ағаш емес, ауыл маңындағы «Айтқұл шоғы», «Қой көк», «Томар шоқ» деген ағаштар мүлде жойылып кетіпті. Маңайдағы көл, томарлар да суалған.

Ертеректе ауылдың солтүстік-батыс және батыс жағында шағын ормандар болса керек. Біздің бала кезімізде әр жерде олардан қалған шоқ-шоқ қайың мен теректер болатын. Қазір олар да жоқ.

Ол кезде, әрине, «экология» деген сөзді ешкім білмейтін. Бірақ ауыл адамдары, әсіресе қариялар айналадағы табиғатты қорғауға бар күшін салатын. Сол кезде бізге аталас Төлеш Бекенов деген ақсақал болды. Жасы жетпіске таяу болса да пысық, қуатты кісі еді. Міне, осы кісі, қазір ойлап қарасам, нағыз

табиғаттың жанашыры әрі қорғаушысы еді. Біз – жеті мен онекі жас арасындағы балалар – ағаш арасына барып ойнасақ (жаз болсын, қыс болсын), Төкең - елдің бәрі ол кісіні осылай атайтын – біздің жанымызға келіп бақылап жүретін. Егер біреуіміз бір шыбықты сындырсақ, не ағашқа шығып ие бастасақ, дереу келіп ұрысатын және олай істемеу керек екенін айтып түсіндіретін.

Тіпті қысты күні біз биік қармен ағаш аралап жүрсек те тауып алатын. Қолында әрдайым таяғы болатын. Ол кісінің таяғымен келе жатқанын көрсек: «Әне, Төкең келе жатыр!» деп дүркірей қаша жөнелетінбіз. Ол кісіден үлкендер де сескенетін. Сондықтан ол кісі бар да ешкім ағашқа зиян келтіруге бармайтын. Егер біреу бір ағашты кессе, немесе ағаштың шоғырмағын шауып алса, пәлеге қалатын.

Қазір ойласам, сол кезде осындай табиғатқа жанашыр адамдардың арқасында ауылдың көркі болған ормандарымыз сақталған екен-ау! Ал қазір біз табиғаттан тек алуды жақсы көреміз, қайтаруымыз шамалы. Осылай бұрынғы ата-бабалардан қалған табиғат байлығын жоғалтсақ, ауылымыз жуырда жел мен шаңның арасында қалуы мүмкін ғой. Сондықтан әлде де тамаша табиғатымызды, жасыл орманымызды сақтап қалуға тырысайық, ағайын!

Ауыл қазіргі кезде Дмитриевка селолық округінің бір бөлімшесі болып саналады. Бірақ мұнда ешқандай кеңсе де жоқ, ауылды басқарушы да жоқ. Бара-бара қалған-құтқан қариялар бақиға аттанса, ауыл түгел құрып кеткелі тұр. Сонда ауылдың орнында тек құлаған үйлердің үйінділері ғана қалуы ықтимал.

Кейін бұл ауылдың осы жерде болғанының күәсі болып тек дөңдегі ата-бабалар зираты ғана қалар. Сөйтіп Ынтымақ ауылы да бұған дейін жойылып кеткен ауылдардың қатарына қосылмақ. Бұдан біраз жыл өткенде біздердей ауылдың тумалары да бұл дүниеден өткесін кейінгі ұрпақ мұндай ауылдың болғанын да білмес деп мен осы кітабымда туған атамекенді, туған ауылды әдейі атап жазып отырмын.

Кейінгі ұрпақ тым болмаса осы кітаптан оқып білсін деп.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Илияс Омаров «Ата сөзі» деген мақаласында былай деп жазған екен:

«Адамды көп ойға салатын бір мезгіл – жастық шақ. Өмір жолының басына ғана түсіп, болашағын алдан күткен жас адамның ойы шар тарапқа бой ұрып, үлкен дүниеден лайықты орын алсам деген заңды үміт, орынды тілек іздетеді. Бұл адамшылыққа жат нәрсе емес, қайта заңды қасиет болып табылады. Өмірде нысана болмау, айқын қойылған мақсат болмау деген мұхитқа компассыз шыққан кемедей адасқақ, күтпеген бейнетке ұрыншақ қылып үйретпек. Әрине, өмір жолы тақтайдай тегіс, оқтаудай түзу болуға мүмкін емес. Ондай жол қызық та болмас еді. Дегенмен алда нысана болу әр адамның өмірінің осы заңын ескертіп, жастарға деп арнап нақыл сөздерін қалдырды».

Дана қаламгердің бұл сөздерін мен жастар білсін, ойлансын деп әдейі келтіріп отырмын.

1990 жылы «Ынтымақ» ауылының құрылғанына 60 жыл толды. Бұл мерекені Тимирязев ауданы атап өтті. Мен осы мерекеге арнап «Ынтымақ» ауылының 60 жылдығына» атты екі өлең жазған едім. Екі өлеңді де 2006 жылы шыққан «Ынтымақ ауылы» атты кітабыма кіргізген едім. Сол жылы шілде айында кітаптың тұсаукесерін ауылға барып өткіздік. Сол жиынға ауыл адамдары мен бірге көрші «Жарқын», «Жалтыр», «Чапай», «Дмитриевка» ауыл-селоларынан, тіпті Сергеевка, Тимирязеводан, Қызылжардан көп халық қатынасты. Солардың бәріне кітап тегін таратылды.

Енді осы екі өлеңді осы «Шабан әулеті» кітабыма да енгізіп отырмын, бұрын оқымағандар оқып білсін деп.

ЫНТЫМАҚ

(Ынтымақ ауылының 60 жылдығына)

*Ыстық қой әркімге де туған жері
Кіндік кесіп, ит көйлек жуған жері.
Сағынып туған жерін жырлап өткен
Ертеден талай ақын, жыршы, сері.*

*Менің де туған жерім өзіме ыстық
Ығында орналасқан Сайағаштың
Алпыс жыл бұдан бұрын бірнеше ауыл
Біріккен осы жерде колхоз құрып.*

*Құрылған сол колхоздың аты қызық
Кім білсын кім айтқанын бұрын тұрып.
Сол жылы Октябрьге 13 жыл боп
Колхозды атап кеткен «Он үш жылдық»*

*Жиылған «Сайағашта» бірнеше ауыл
Болса да жазы ыстық, күзі дауыл
Тұрыпты бір кісінің баласындай
Өзара келісіммен шешіп дауын.*

*Мал бағып, егін егіп сол жылдары
Ауылдың тату өскен ұл-қыздары
Көрсен де қанша бейнет қиыншылық
Елімнің бұзылмаған ынтымағы.*

Жастары кәрілерін тындап өскен
Біріне бірі келіп көмектескен.
Қарттары алқа қотан ақылдасып
Ұрыссыз талай дауды әділ шешкен.

Көршілер аңыз қылған жас пен қартын.
Жарасқан ынтымағы елдің салтын.
Сол кезден «Ынтымақ» деп атап кеткен
Орныққан «Сайағашта» ауыл атын.

Алпыс жыл өтседағы содан бері
Әлде де өзгермеген туған жерім.
«Сайағаш» саясында «Ынтымағым»
Атыңа затың сай боп өсе бергін.

Азырақ бұрынғыдан кәрі шалдар
Көне көз, кәрі құлақ ақсақалдар.
Ойлаймын жаңа түлек жастарымыз
Дәстүрін аталардың жалғастырар.

Ол дәстүр бірлікпенен ынтымақта
Ежелден келе жатқан біздің жақта
Кейінгі жас буынға тағы айтарым:
«Жоғалтпай сол дәстүрді мықтап сақта!»

*Атыңнан айналайын, «Ынтымағым»!
Көрмесем сені екі-үш ай ынтығамын.
Жүрсем де сенен жырақ алыс жерде
Өзіңде менің мәңгі ынтық-зарым.*

15.09.1990 жыл.

ЫНТЫМАҚ

Бауырында Сайағаштың Ынтымағым
Жұртына сәуле берген күншуағым.
Әлемнің қанша жерін кезсемдағы
Өзіңдей көре алмадым жер жұмағын.

Аяулы Ынтымағым
Сәулелі күншуағым
Өзіңе теңгермеймін
Әлемнің бар жұмағын.

Жазира Ынтымақтың жері қандай,
Көгілдір Қарақоға көлі қандай.
Айнала көк желекті ақ қайыңмен
Қауданды, жібек желді дөңі қандай!

Аяулы Ынтымағым
Сәулелі күншуағым
Өзіңе еркелеген
Жалынды жастық шағым.

Жеріне Ынтымақтың жандары сай.
Ақкөңіл, жарқын мінез әм қонақжай.
Атына ауылымның лайық олар
Тұрады тату-тәтті бір туғандай.

Аяулы Ынтымағым,
Сәулелі күншуағым.
Өзіңе арнап жазды
Балаңыз бұл шумағын.

29.11.1991 жыл

«Ынтымақ ауылы» кітабы шыққалы да 13 жыл болып қалыпты. Осы өткен 13 жылда бүкіл республикамызда көп өзгерістер болды. Әсіресе ауылды жерлерде көп өзгерістер пайда болды. Ауыл-селоларды ірілендірудің салдарынан шағын ауылдар азып-тозды. Көптеген шағын ауылдар мүлде жойылып кетті.

Біздің Ынтымақ ауылы әзірше бар. Бірақ онда мектеп, клуб, кеңсе, медпункт, т.б. жоқ. Халқының басым көпшілігі басқа ірі елді мекендерге, қалаға көшіп кеткен. Ауылда ешқандай бұрынғыдай жұмыс жоқ. Нәтижесінде қазір (2019 ж.) ауылда 15-ақ үй қалған. Олардағы адамдардың көбі кәрі-құртандар. Олар аз-мұз малымен ғана күндерін көріп отыр. Мал ұстаудың өзі жылдан жылға қиындап барады. Өйткені қариялар оларға шөп шауып дайындай алмайды. Сатып алуға бағасы өте қымбат. Жұрттың пенсиясы өте аз, бәріне жетпейді.

Тұрмыстың осындай қиындығынан ауылдың азаматтары басқа елді мекендерге көшіп кетіп жатыр. Ауылда мектеп болмағасын мектеп жасындағы балалары барлар мектебі бар жерлерге қоңыс аударуда. Нәтижесінде, егер 2006 жылы ауылда 30 шақты үй болса, биыл (2019 жылы) 15-ақ үй қалыпты. Бұл үйлердегі тұрғындардың да біразы әне-міне басқа жаққа көшеміз деп қопандап отыр.

Осылай бола берсе енді бір 8-9 жылда бұл ауылда мүлдем жойылып кетуі мүмкін. Сонда тек дөндегі ата-баба зираты ғана анадайдан көрініп, бір кезде бұл жерде әжептәуір ауыл болғанын білдіретін болады. Ауылдың аға буын, орта буын азаматтары елін сағынып келгенде сол зират басына барып ару-

ақтарға дұға оқып күрсініп қайтар, өткен күндерді еске алып. Ал кейінгі жастар ол ауылды білмейді де, оған бармайды да.

Міне, заман осылай болды. Амал қанша?! Қазір ауылға барсаң, қаңырап бос тұрған иесіз үйлерді көресің. Солардың арасында 1965 жылы салынған біздің ағаш үй де тұр. Көргенде көзіңе жас келеді.

Түйін

Түйін

Менің бұл кітабым да туыстарым мен ұрпақтарыма арналды.

Өмір-өзен, бір орында тұрмайды. Ондаған, жүздеген жылдар өтіп, тарихтың түкпірінде қалар уақытымыз да болар. Сол кезде кейінгі ұрпақтарымыз есімдерімізді тек шежіреден және осындай кітаптардан ғана білетін болар. Олар аталары мен әжелерінің өмір жолын, әулетіміздің шежіресін толығырақ білгісі келер.

Сондықтан солар үшін бұл кітап жазылып отыр.

Біз екі түрлі қоғамда өмір кештік. Қазіргі жас ұрпақ тарихтан ғана білетін Кеңес одағында өсіп коммунистік тәрбие алдық. Бұл қоғамның жақсы жағы да, қиыншылығы да көп болды, әсіресе соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі 7-8 жыл халықтың тұрмысын қиындатып жіберді.

1991 ж. Кеңес Одағы құлап, еліміз Тәуелсіздік алып егеменді ел болғанының да куәсі болдық. Жаңа қоғамның алғашқы жылдары да қиын кезең болды. Әйтеуір өтпелі кезең ұзаққа барған жоқ. 1997 жылдан бастап республикамыздың экономикасы өсе бастады. Осы өмірдің ащысын да, тұщысын да көрдік.

Қазіргі таңда Қазақстанда өмір сүру қолайлы. Еш нәрседен мұқтаждық көріп отырғамыз жоқ. Зейнетақымыз күн көріске жеткілікті.

Менің қызмет жолым сәтті болды деп айта аламын. Мен қызметкер ретінде адамдарға, қоғамға, елімізге адал қызмет жасағаным және өзіме лай-

ықты қарттықты қамтамасыз еткенімді мақтанышпен айта аламын.

Адам үшін ең бастысы – басқа адамдардың жадында жақсы, сыпайы тұлға болып қала беру. Мен де өмірімді осылай өткіздім деп ойлаймын. Өмірімде тамаша адамдармен жолдас, сыйлас болдым, әлі де солай.

Жасымнан еңбекқор болдым. Көп оқыдым, көп жаздым. Әлде де оқып, жазып келемін. Бұл туралы зайыбым Күлзағи:

*«Кеш жатып, ерте тұрдың,
Дем алуды ұмыттың,
Бір Мағжанның өзіне
Қанша қалам сілтепсің
Кемпірің мен үйіңе
Көңіл бөле бермепсің»* - деп әзілдеген еді.

Менің осылай көп оқып, көп еңбектеніп біраз жұмыс тындырып жүргенім сүйікті зайыбымның арқасы деп білемін. Ол әрдайым мені қолдап, жұмысыма, қызметіме, шығармашылықпен айналысуыма қажетті жағдай жасап отырады. Осылай «тылым» берік болғасын мен еш алаңсыз қызметімді атқарып, шығармашылық жұмыспен де айналыса бердім.

Балаларымыз, немере, жиендерімізден, ағайын-туыстардан ешқандай жамандық көргеміз жоқ. Бәрі де сыйлайды, сыртта» қамқор болып жүреді. Әлі де осылай бола берсін. – Бәріне де амандық, денсаулық, жақсы көңіл-күй, еңбектеріне зор жеміс

тілеймін. Олардың бәріне тілейтінім мол адамгершілік, сыпайылық, кішіпейілділік, өзара сыйластық.

Тағы бір тілегім – ұрпақтарымыз қазақ тілін, халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жақсы білсе екен деймін. Адам екі өмір сүрмек емес, бақилық болар уақыт та келер. Тек оған дейін қажымай, толмай өмірге беретініңді беріп кеткенге не жетсін.

Менің біраз достарым, жақсы жолдастарым өмірден өтіп кетті. Әр кез оларды сағынып еске аламын. Қазақтың әйгілі ақыны Әбділда Тәжібаев 80-нен асқанда жазған бір өлеңінде:

*Алыс па, әлде жақын ба барар жерім
Болжау қиын мағанда оны ілгері
Ақ таяққа асылып баса берем
Тоқтағанша алқынып алған демім – деп жазыпты.*

Ал мен 80-нен асқанда мұзға тайып құлап, қазір қос балдақпен үй ішінде ғана жүремін. Содан бері де алты жылдан аса уақыт өтті. Осы жылдарда қасымда сүйеу болып қолтығымнан демеп, ас-суымды дайындап, дәрі-дәрмегімді әперіп, өзімді жуындырып, киімімді кигізіп, қасыммен қабағыма қарап, жылы сөзімен жігерлендіріп, үнемі жүрген жан-жарым Кұлзағидың еңбегі зор.

Оның қолдауы мен демеуінің арқасында мүгедек болсамда газет, журнал, кітап оқудан қалғам жоқ және өзім де шығармашылықпен айналысамын.

Жоғарыда аталған ақын Әбділда Тәжібаев:

*Асығу керек, асығу керек, достарым
Жұмыстар қанша, жұмыстар қанша бітпеген
Орындау керек тіршіліктің жоспарын
Адам ба, тәйірі, алдынан үміт күтпеген, -*

деп жазса, мен де шамам келгенше шығармашылықпен айналысудамын. Осы жылдарда бірнеше кітап шығардым. Әлде де жоспар көп. Сол жоспарларымды орындауға асығамын.

Қазақ туысшыл, бауырмал халық. Табиғатымызға тән, қанымызға сінген тәрбиемен бойымызға қалыптасқан осы қасиетіміз-ақ бізді өзгелерден ерекшелейді. Ата-бабаларымыз ағайын-туыстардың татулығына көп көңіл бөлген, татулық пен бірліктің пайдасы туралы көптеген даналық нақыл сөздер қалдырған. Мысалы:

*Ағайын тату болса, ат көп
Абысын тату болса, ас көп, -*

деп ағайын-туысты, абысын-ажынды татулыққа шақырады.

Немесе:

*Алтау ала болса, ауыздағы кетеді
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, -*

деп ағайын арасы араз болмай, түгел бірін-бірі қолдап отыруын тілейді.

Бұл нақылдар қазірде мәнін жойған жоқ. Ата-бабаларымыз «Өле жегенше бөле же», «Туысы бірдің қонысы бір, туысы бірдің уысы бір» деген сөздерді де ұрпақтарға өсиет қып айтып кеткен.

Соңғы жылдары жастарымыз дана бабаларымыздың мұндай нақыл сөздеріне мән бермейтін сияқты. Бұлай бола берсе, бір кезде туыстар бірін-бірі білмейтін, көрсе танымайтын жағдайға тап болуымыз мүмкін ғой. Міне, осы жай мені де алаңдатады. Сондықтан ұрпақтарымыз ата-баба шежіресін (тарихын), олардың даналық ғибратты сөздерін біліп өссе екен деймін.

Осы кітап жастарға осы жағынан ой салса, туыстықты, бірлікті қадірлеуге аз да болса сеп тигізсе қойған мақсатымның орындалғаны дер едім.

Жастарға көбірек ұлы Абайды оқындар дер едім. Өйткені оның жастарға арналған өлеңдерінде тамаша нақыл сөздер көп. Мысалы, бір ғана «Жігіттер, ойын-арзан, күлкі-қымбат» атты өлеңінде мынадай өнегелі нақыл жолдар бар:

*Кемді күн, қызық дәурен тату өткіз
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз.
Күншілікте тату бол шын ниетпен
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.*

*Бір жерде бірге жүрсең басың қосып
Біріңді бірің сыйла сөзін тосып
Біріңді бірің ғиззат құрмет етіп
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.*

Ақыл керек, іс керек, мінез керек
 Ер ұялар іс қылмас, болса зерек.
 Салақ-олақ, ойнасшыл, керім-кербез
 Жыртың-жыртың қызыдан шығады ерек.

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату
 Тілеуі, жақындығы бәрі сағту
 Жүрегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ
 Қажымас, қайта айнымас қайран тату!

Абай адамның білімсіз, қабілетсіз болып, әр нәрсенің басып шалып белгілі мамандықсыз бос жүргенін сынап, жастарды белгілі мамандық алып, халыққа адал еңбек етуге шақырады:

Әсемпаз болма әр неге
 Өнерпаз болсаң арқалан
 Сенде бір кірпіш дүниеге
 Кетігін тап та, бар қалан, - дейді.

Осының бәрі жастардың есінде жүріп, орындалып жатса қандай ғанибет болар еді.

Бұл кітапты жазуға мен көп уақыт кетірдім. Шабан әулетінің еңкейген кәрісінен жаңа туған жас нәрестелерге дейін кітапқа кіргізуге тырыстым. Бұрынғы шежірешілер шежіре жазғанда тек ер адамдарды жазып әйелдерді қоспапты. Мен бұл кітапқа білгенімше әйелдерді де қосып жаздым.

Бұл кітапты жазу үстінде біраз материалдарды, әсіресе жұрттың фотосуреттерін жинауға інілерім, келіндерім, қарындастарым, қыздарым көп көмек-

тесті. Сол үшін олардың барлығына ағалық, аталық алғысымды білдіремін.

Бұл кітапты жазу кезінде әсіресе зайыбым, жан серігім Құлзағи көп көмектесті, менің жазып жатқан кітабымның ең бірінші оқырманы, рецензенті болып қарап, қата кеткен жері болса, түзетіп беріп отырды. Кей жерін онымен ақылдасып отырып жаздым. Ал кітаптың текстін аландамай отырып жазуым да оның арқасы.

Биылғы (2019) жылғы 15 тамызда біз үйленгелі 60 жыл болады. Осы жылдары өмірімізде қиыншылықтар да, қуанышты кездер де болды. Бәрін де екеуміз бірдей көрдік. Соңғы 7 жыл бойы мен жамбасым сынып жүре алмай қалдым. Осы жылдары ол қаншама шыдамдылық көрсетіп күтіп келеді. Сондықтан оған деген ризашылығыммен алғысым шексіз.

Осымен бұл кітапты аяқтаймын. Кейінгі ұрпақтардан білімді, зиялы азаматтар өсіп бұл жазғандарды жалғастыра деп үміттемін.

Кітаптың қолжазбасын компьютерде басып дайындап баспаға өткізген қызым Гүлнарға мол алғыс айтамын. Денсаулығың мықты болып, шығармашылық еңбегің арта берсін!

Қосымша

Қайролла МҰҚАНОВ

(Өмірбаяндық анықтама)

Қайролла Мұқанұлы Мұқанов 1932 жылдың 26 қыркүйегінде қазіргі Тимирязев ауданындағы «Ынтымақ» ауылында туған. Ауыл бастауыш мектебін қазақ тілінде соғыстың қайнап тұрған кезінде 1942 жылғы жазда бітірді. Әкесі және оның үш інісі бірдей әскерге және әскери зауытқа алынғаннан кейін отбасында тек кәрі әжесі мен жеңгесі қалды. Тұрмыс қиын болды. Жақын жерде қазақ орталау не орта мектебі болмады. Осындай қиыншылықтарға байланысты ол бір жыл ешқайда оқи алмады. Тек 1943 жылы наурыз айында әкесінің інісі Хамза әскерден жараланып келгеннен кейін ғана оқуға мүмкіндік туды. 1943-1944 оқу жылының басында Хамза ағасы оны жақын жердегі (7 км) Дмитриевка селосындағы орыс жетіжілдық мектебіне оқуға орналастырды. Ол кезде жасөспірім Қайролла орыс тілін мүлде білмейтін еді, сондықтан оны мектеп басшылары 2-ші сыныпқа отырғызды. Алғашқы кезде тіл білмегендіктен біраз қиыншылықтар болды. Кейін ол тілді меңгеріп жақсы оқи бастады. Барлық қиыншылықтарға қарамастан 1949 жылы осы мектепті жақсы бітіріп, сол кездегі Октябрь ауданының орталығындағы Марьевка орта мектебіне оқуға түсті. Бұл мектепті күміс медальмен тәмамдап 1952 жылы Алматы қаласындағы С.М.Киров (қазір әл-Фараби) атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің философия бөліміне оқуға қабылданды. 3-ші курста бұл бөлім жабылғаннан кейін сол университеттің тарих факультетінде оқуын

жалғастырды. 1957 жылғы жазда осы факультетті тәмамдап елге оралды.

Еңбек жолын Қайролла Мұқанұлы Октябрь ауданында (қазіргі Тимирязев ауданында) тың игеру кезінде жаңа құрылған Хрущев (кейін «Восход» совхозы деп аталды) совхозының орта мектебінде тарих пәнінің оқытушысы болып бастады. Келесі 1958-1959 оқу жылы сол мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалды. 1959 жылдың тамыз айында Октябрь аудандық оқу бөлімі (меңгерушісі В.Д.Кузнецов) рны сол аудандағы (қазір Шал ақын ауданы) Городецкий сегізжылдық мектебіне директор етіп жіберді. Городецкое үлкен село болғанымен мектебі нашар екен. Ескі мектептің жанынан саман кірпіштен жаңа мектеп салынып жатыр екен. Екі ай бойы құлағалы тұрған ескі тар мектепте жұмыс істеуге тура келді. Әйтеуір қараша айында жаңа мектеп дайын болды. 1965 жылы сегізжылдық мектеп орта мектепке айналды. Қайролла Мұқанов осы мектепті 12 жыл басқарды. Мектеп аудан ішінде абыройлы болды. 1971 жылдың 10-шы желтоқсанында Қ.Мұқанов Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалды. Осы қызметте ол үздіксіз 23 жыл істеді. 1995 жылдың басынан бастап 6 жыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында әдіскер әрі аға оқытушы қызметін атқарды. Ол 1993 жылы зейнеткерлікке шықса да жұмыссыз қарап отырмады. 2001 жылғы 1-ші ақпаннан бастап осы күнге дейін Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының жанынан құрылған

«Асыл мұра» ғылыми-зерттеу орталығында ғылыми қызметкер болып істеп келеді.

Қ.Мұқанов облыс мектептері мен халықағарту органдарында жалпы алғанда 44 жыл еңбек етті. Оның осы уақыт аралығында халық ағарту ісінде көрсеткен жетістіктері уақытында бағаланды да. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған медалімен, Ыбырай Алтынсарин медалімен, «СССР халық ағарту ісінің отличнигі», «Қазақ ССР халық ағарту ісінің отличнигі» белгілерімен, Қазақстан Республикасы Жоғары Советінің, Қазақ ССР халық ағарту министрлігінің, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің, Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Қ.Мұқанов негізгі қызметімен қатар көптеген қоғамдық жұмыстар атқарды. 1972-1995 үздіксіз Халық ағарту ғылым істері жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ (профсоюз) комитетінің Президиумының мүшесі, Облыстық атқару комитетінің жанындағы байқау (наблюдательный) комиссиясының, Облыстық табиғатты қорғау Қоғамы президиумының мүшесі болды. 1992 жылдан бастап осы күнге дейін облыстық ардагерлері Кеңесінің мүшесі, 1990 жылдан 2005 жылға дейін облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасының орынбасары, 1995 жылдан осы күнге дейін облыстық Сәбит Мұқанов атындағы әмбебап кітапханадағы өлкетанушылар клубының мүшесі болып істеп келеді. Соңғы жылдары ол Петропавл қалалық ономастикалық комиссия мүшесі болды.

Қ.Мұқанов сонау 1943 жылдан бері аудандық, облыстық, республикалық газеттерге әр тақырыпта мақалалар жазып келеді. Ол зейнткерлікке шыққаннан кейін әсіресе өлкетану жұмысымен көбірек айналысуда. Өзіміздің Солтүстік Қазақстан өңірінің атақты адамдарының өмір жолын зерттеп, материалдар жинап баспасөз бетінде жариялаумен шұғылданады. Ол үшін Солтүстік Қазақстан облыстық, Алматыдағы Орталық республикалық және Омбы, Тобыл қалаларындағы мұрағаттарды қопарып көптеген құжаттарды саралап бірсыпыра бұрын белгісіз болған материалдар жинады. Сонымен қатар өлкеміздің зиялы қарт адамдарымен сұхбаттасып, олардан да біраз тарихи материалдар, естеліктер, шежіре, т.б. жазып алды. Оның үстіне көптеген кітаптардан, газет, журналдардан да қажетті деректер жинады. Соларды пайдаланып, баспасөз беттерінде қазақ, орыс тілдерінде көптеген мақалалар жариялап, бірнеше кітаптар шығарды.

Қ.Мұқанов әріптесі Социал Жұмабаев екеуі бірігіп атақты жерлесіміз Тоқсан би туралы, революционер Баймағамбет Ізтөлин туралы («Арманды ақын»), Барлыбаевтар әулеті туралы («Бір әулеттің тарихы»). Ал марқұм Ғалым Қадірәлинмен бірігіп Қазақ ССР-на еңбек сіңірген ұстаз Шияп Садықов туралы, белгілі оқытушы Қайрөш Қоспанов туралы, бұрынғы «Союзцелинвод» тресінің бастығы Қаттай Кеншінбаев туралы кітаптар шығарды. Бұларға қоса үшеуі бірігіп Сегіз сері Шақшақовтың 2 томдық, Қожаберген жыраудың бір томдық шығармалар жинағын тағы басқа кітаптар шығарды.

Қ. Мұқанов жеке өзі өлкеміздің зиялы азаматтарының бірі Абылай қажы Рамазанов туралы («Елін сүйген азамат»), Қазақстанға еңбегі сіңген ұстаз Қағида Базарбаева туралы («Ұлағатты ұстаз»), Қызылжар қаласындағы қазақ педагогикалық техникумының тұңғыш директоры, Алаш партиясының мүшесі, журналист, дәрігер Жұмағали Тлеулин туралы орыс тілінде («Жумағали Тлеулин – деятель Алаш Орды»), өзінің туған ауылы туралы («Ынтымақ ауылы»), өңіріміздегі қыздардың арасынан алғаш жоғары діни білім алған, бірақ сол кездегі байлардың зорлығымен арманына жете алмай қыршынынан қиылған Ұмсын сұлу Жұсыпқызы туралы («Ұмсын сұлу»), өлкеміздің белгілі зиялы азаматтары туралы («Өлке тұлғалары»), т.б. кітаптар шығарды.

Қ. Мұқанов соңғы жылдардағы осындай еңбектері бағаланып, ол 2005 жылы «Жеңіске 60 жыл» және «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Жеңіске 65 жыл» медальдарымен, 2009 жылы қыркүйекте академик Е.А. Бөкетовтың әдеби және ғылыми еңбектерін насихаттап, халыққа кеңінен түсіндіріп таратқаны үшін Бөкетов медалімен, 2010 жылы «Асыл мұра» орталығының 10 жылдығына қарай облыс әкімдігінің Құрмет гармотасымен, 2011 жылы Қазақстан Республикасы Мідениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төс белгісімен марапатталды.

2008 жылы ол атақты жерлесіміз әйгілі Мағжан Жұмабаев туралы «Ақын ізі – След поэта» атты зертеу еңбегін баспадан шығарды. Облысымыздың халық ағарту ісінің тарихын зерттеді. Сонымен қатар ағымдағы баспасөз беттерінде әр тақырып-

та, әсіресе «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мақалалар дайындап жариялауда. Ол Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Манаш Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің құрметті профессоры.

«Солтүстік Қазақстан облысының Энциклопедиясына» 90-ға жуық мақала мен очерктер жазды (облыстың әйгілі азаматтары және елді мекендері мен аудандары туралы). Мұқанов Қайролла осы энциклопедияның редколлегия мүшесі. «Трагедия и прозрение», «Возвращенные имена», «Золотая книга целины – 50 лет» кітаптарда, «Сарыарқа», «Жаңа Сарыарқа», «Нива», «Провинция», «Мысль», «Айқап», «Ақиқат» журналдарында және «Ана тілі», «Қазақ», «Қазақ үні» газеттерінде мақалалар басылды. Сәбен, Мағжан, Ғабит, Сафуан, Евней және Аманжол Қошанов, Мұқаш Елеусизов, Марат Кенжеғозин, т.б. жазушылар мен ғалымдар туралы тарихи очерктер, зерттеулер жазды. Білімнің жастарға аямай таратуына, көптеген кездесулер және теледидар сұхбаттар арқылы жеткізуде.

МУҚАНОВ ҚАЙРОЛЛА (НАГРАДАЛАРЫ):

- Орден «Знак Почета»
- Медаль Ыбырая Алтынсарина
- Знак «Отличник просвещения СССР
- Знак «Отличник просвещения Казахской ССР»
- Медаль «За трудовую доблесть. В ознаменовани
100-летия В.И.Ленина»
- Медаль «Конституции Казахстана 10 лет»
- Медаль «65 лет Победы»
- Медаль «Ветеран труда»
- Медаль и премия имени академика Е.А.Букетов
- Почетная грамота Казахской ССР от Первого
Президента Н.Назарбаева (ноябрь 1991 г.)
- Почетная грамота Верховного Совета КазССР
- Почетная грамота Министерства просвещени.
КазССР
- Почетная грамота Северо-Казахстанского обком
партии
- Благодарственное письмо акима г.Петропав
ловска
- Медаль «Қожаберген жырау – 350 жыл»
- Медаль «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 80 жыл
(2014 ж.)
- «Туған өлкені зерттеуде сіңірген еңбегі үшін
Ұздік өлкетанушы төсбелгісі. ҚР Мәдениет жән
спорт министрлігі (наурыз 2019 жыл).

ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНОВТЫҢ КІТАПТАРЫ:

1. Русско-казахский словарь исторических терминов и понятий. Петропавловск, 1998. 164 с. – 1000 экз.
2. Елін сүйген азамат (Абылай қажы Рамазанов туралы). Астана, 2003. 112 бет. 20 дана.
3. История развития методической службы народного образования Северо-Казахстанской области. Алма-Ата, 2004.
4. Арнаулар (Өлеңдер). Алматы: Жібек жолы, 2004. 128 бет. 350 дана.
5. Ұстаз тағылымы. Қазақ ССР-на еңбек сіңірген ұстаз Қағида Базарбаева туралы. Қызылжар – Көкшетау, 2004. 150 бет. 300 дана.
6. Жумағали Тлеулин – деятель Алаш-Орды. Алматы: Жібек жолы, 2005. 216 стр. 2000 экз.
7. Ынтымақ ауылы. Петропавл, 2006. 188 бет. 500 дана.
8. Ұмсын сұлу. Аңыз бен ақиқат. Петропавл, 2007. 240 бет. 100 дана.
9. Өлке тұлғалары. Петропавл, 2008 ж. 308 бет. 100 дана.
10. Ақын ізі. След поэта (О Мағжане Жумабаеве). Петропавл, 2008. 234 с. 50 экз.
11. Жомарт жүрек (Ғалым Қадірәлі туралы). Петропавл, 2008. 268 бет. 300 дана.
12. Асыл тұлға (Сара Уәлиқызы туралы). Петропавл, 2009. 172 бет. 100 дана.
13. Арнаулар-2. Петропавл, 2013. 210 бет. 50 дана.

14. Мағжанның ізімен. По следам Мағжана. Петропавл, 2013 ж. 440 бет. 2000 дана.

15. Халқы қадірлеген қайраткер (Қошан Жантілеуов). Петропавл, 2012. 420 бет. 300 дана.

16. Самай Керей шежіресі. Петропавл, 2014 ж. 92 бет. 100 дана.

17. Арманда өткен асыл тұлға (Хамза Ыбыраев). Астана, 2014. 294 бет. 300 дана.

18. Из истории народного образования Северо-Казахстанской области. Петропавл, 2015. 168 с. 100 экз.

19. Жалтыр ауылы. Астана, 2016. 434 бет. 100 дана.

20. Ел ардақтылары. Петропавл, 2016. 434 бет. 100 дана.

21. Өмір белестері. Петропавл, 2017. 240 бет. 70 дана.

22. Аға буын мен жастардың, әріптестер мен достардың, мектептестер мен шәкірттердің жылы сөздері мен тілектері. Петропавл, 2018.

23. Абылай Рамазанов – Алаш қайраткері. Петропавл, 2018.

24. Шабан әулеті. Петропавл, 2019.

«ШАБАН ӘУЛЕТІ» КІТАБЫНДА ФОТОСУРЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Найманов Тілеуберді, бәйбишесі Шәйкен, қызы Темірғали, немересі Баян.
2. Тілеубердина (Рахметова) Райхан Қайранасқызы, баласы Қанат.
3. Тілеубердин Абылай Қайранасұлы, әйелі Күлжан, баласы Қуандық.
4. Тілеубердина (Серғазина) Раиса Қайранасқызы, ұлы Диас, қызы Карина.
5. Байсеркенің төртінші ұрпағы Бүйенов Айқынбай.
6. Айқынбайдың үлкен ұлы Толаш.
7. Бозайдың үшінші ұрпағы Құсайынов Айбас зайыбы Сәйламен.
8. Құсайынов Төлеген Айбасұлы семьясымен.
9. Тиштықбаев Сейілбек.
10. Айманның екінші ұлы Сыздықтың балалары: Мұқан, Құрман, Хамза.
11. Мұқан, зайыбы Ғалия, ұлы Қайролла, Күлзағи, Хамзин Жақсылық кішкентай Гүлнарды көтеріп тұр. Төменде Роза, Сара.
12. Қайролла зайыбы Күлзағимен.
13. Қайролланың семьясы.
14. Роза Қайролла қызы.
15. Сара Қайролла қызы.
16. Гүлнар Қайролла қызы.
17. Марат Қайролла ұлы.
18. Надия Марат қызы.
19. Ынтымақ ауылында жүздесу.
20. Олжас, Қымбат, Мұхаммад, Сабырәлі.

21. Қайролламен Қабылқайыр.
22. Қабылқайырдың семьясы.
23. Болаттың семьясы.
24. Жұлдыз бен Гүлназ.
25. Қайролла мен Күлзағи.
26. Найманов Шәріп Құрманұлы.
27. Шәріп және зайыбы Ұлболсын.
28. Шәріптің семьясы.
29. Найманов Дулат Шәріпұлы, зайыбы Роза.
30. Найманов Серік Шәріпұлы балаларымен: Назира, Алихан.
31. Роза Шәріпқызы, жолдасы Бағыт және балалары; Арай, Рахат.
32. Раушан Шәріпқызы, жолдасы Тұяқ, қыздары Сәния, Үміт, Насихат.
33. Мұқан Сыздықұлы, баласы Қайролла, келіні Күлзағи.
34. Күлжамал Құрманқызы.
35. Күлжамал үлкен ұлының семьясымен.
36. Күлжамал кіші ұлының семьясымен.
37. Хамзин Жақсылық зайыбы Рашкенмен.
38. Хамзин Мұрат жұбайы Ботагөзбен.
39. Жақсылық, Рәшкен, Марина, Ертай, қыздары.
40. Сайлау Қамзаұлы, Роза, Жанна, Бақтияр.
41. Сара қызы Жанармен, Күлзағи.
42. Айтмағамбет, Зүбира, Сайлау.
43. Айтмағамбет, Сайлау, Жұмабике, Роза, Зүбира, Алия.
44. Сыздықов Айтмағамбеттің семьясы.
45. Сайлаудың қызы Жанна, жолдасы Эдуард, балалары Диас, Амир.

46. Сайлаудың екінші қызы Дина, жолдасы Азамат және баласы Мирас.
47. Дастархан басында.
48. Сыздықов Бағыт Хамзаұлы.
49. Сыздықов Есмағамбет Хамзаұлы, зайыбы Гүлфайрамен.
50. Есмағамбетпен Арман.
51. Гүлфайра мен Арман.
52. Мәдина баласымен.
53. Мәдинаның баласы Олжас.
54. Эльмира балаларымен.
55. Дастархан басында туыстар.
56. Туыстар жиналғанда.
57. Сүгіров Қажынасып Қабиұлы.
58. Сағынай Төкенқызы Қабиева.
59. Сүгіров Ұлан Қажынасыпұлы.
60. Сүгіров Ұлан зайыбы Әлхаятпен.
61. Қабиев Зейнолла.
62. Қабиева Гүлсім (Катя) Зейноллақызы.
63. Қабиева Мәрияш Зейноллақызы.
64. Қабиев Марат Зейноллаұлы семьясымен.
65. Сүгіров Жүкен зайыбы Маржан.
66. Сүгірова Алма күйеуі Рахымжанмен.
67. Алма баласы Балғабек Әнуарбекұлымен.
68. Билалов Сейітбаттал.
69. Қайролла мен Күлзағи (15.08.2009 жыл).
70. Күлзағи жас кезінде.





2



3



4



5



6



7



8



9



10



11



12



13



14



15



16



17



18



19





21



22



23



24



25



26



27



28



29





31



32





35



36



37



38



39



40





43



44



45



46



47



48



49



50



51



52



53



54



55



56



57



58



59



60



61



62



63



64



65



66



67



68





70



МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....5

I бөлім


Шежіре. Ататек.....11

II бөлім

Атамекен. Туған жер.....103

Түйін.....119

Қосымша.....127



Мұқанов Қайролла

ШАБАН ӘУЛЕТІ

Дизайн и верстка: Ржавина Е.В.

Сдано в набор 25.07.2019 г.

Подписано в печать 06.09.2019 г.

Формат 60X84 1/16.

Бумага офсетная. Печать офсетная, 10,7 усл.п.л.

Отпечатано в ТОО «Издательство «Северный Казахстан»

150001, г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5

